Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №110 (6788) 24 қараша, сейсенбі, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

9 772223 237006 >

ISSN 2223-2370



САПА МЕН МЕРЗІМ БАҚЫЛАУДА

Шаһар басшысы барлық нысандағы жұмыстың белгіленген мерзімде аяқталуын тапсырды

Алматыны өмір сүруге жайлы, тұрғындардың тіршілігіне қолайлы заманауи қала етіп құру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Биыл қала көшелерінде құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде шаһардағы қоғамдық кеңістіктер, жаяу жүргіншілер аумағы, көше жабындылары мен арық-кәріз жүйелері ауқымды жаңартудан өткізілді. Кейбір аумақта ғимараттардың қасбеттері де біртұтас жаңартылып, шаһар шырайы ашыла түсті.

Қыс жақындаған сайын созылып бара жатқан құрылыс жұмыстарына тұрғындардың алаңдаушылығы күшейетіні анық. Алайда, ауқымды құрылыс жұмыстары барынша сапалы, мерзімге сай жүзеге асуын қала әкімдігі ұдайы қадағалауда ұстап келеді.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының басшылығымен қаладағы құрылыс-монтаж жұмыстарына қатысты кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Онда жобалардың орындалу барысы және жер қазу жұмыстарынан кейін аумақты қалпына келтіру мәселелері қаралды.

Алматыда жол мен әлеуметтік нысандар құрылысы, инженерлік желілерді жаңғырту және көркейту жұмыстары жалғасуда. Жиында осы мәселелер назарға алынып, тұрғындарды алаңдатып отырған бірқатар учаскедегі жайттар талқыланды.

Қала әкімі Дархан Сатыбалды жауапты қызметтерге асфальт жабынын, тротуар мен ауланы сапалы түрде қалпына келтіруді тапсырды. Мердігер ұйымдар құрылыс қалдықтарын уақытылы шығарып, анықталған кемшілікті жою керектігі айтылды. Аудан әкімдері жұмыс барысын күнделікті бақылап, тұрғындар көтерген мәселелерді дер кезінде шешуі қажет. Шаһар басшысы барлық нысандағы жұмыс белгіленген мерзімде аяқталуы керек екенін атап өтті. Талап бұзғандарға тиісті шара қолданылмақ.

Жиында шаһарды мерекелік және атаулы күндерге дайындау жұмыстары да қарастырылды. Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына, Жаңа жылға және кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай қала көшелерін, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерді безендіру, мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізу жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАП–ТІМЕ

ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙҚЫНДАЛДЫ

Аграрлық саясаттың аяқ алысы қандай?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 20 қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумына қатысып, маңызды сөз сөйледі. Президент 2024 жылы қарашада өткен алғашқы жиында аграрлық салаға бағытталған бас қосуды жыл сайын өткізуді ұсынған болатын. Олай болса, айтулы жиынның қазірге дейінгі көтерген тақырыптары мен жеткен жетістіктерін сарапқа салып көрелік.



Алғашқы кезең

2024 жылғы алғашқы форумда аграрлық секторды дамытудың алты басым бағыты – қаржыландыру, индустрияландыру, ғылым, технология, техниканы жаңарту және экспорт айқындалды. Жеңілдетілген несие көлемін 180 миллиардтан 580 миллиард теңгеге дейін ұлғайту, кейін 1,5 триллион теңгеге жеткізу көзделді. Сонымен қатар, отандық тұқым өндірісін дамыту, 2028 жылға қарай картоп пен қант қызылшасы тұқымындағы отандық өнім үлесін 80 пайызға жеткізу және саланы цифрландыру міндеттері қойылды.

2025 жылғы екінші форумда назар жер, су және өндірістік ресурстарды тиімді басқаруға ауды. Мал шаруашылығын дамыту, жайылымдарды ұтымды пайдалану, ветеринарияны жаңғырту және ет экспортын арттырумен қатар, мемлекетке қайтарылған 14 миллион гектардан астам жерді қайта айналымға енгізу мәселесі көтерілді. Қаржыландыру көлемі 1 триллион теңгеден асып, техниканы жаңарту жалғасты. Сондай-ақ, смарт-фермалар, агродрондар, спутниктік бақылау мен жасанды интеллектіні енгізу, терең өңдеу және экспортты әртараптандыру басымдыққа айналды. Осылайша алғашқы форум саланың қаржылық және технологиялық негізін нығайтуға арналса, екінші форум аграрлық ресурстарды кешенді басқару мен өндірісті жаңа технологиялар негізінде дамытуға бағытталды.

Бүгінгі міндет

Биылғы үшінші форум алдыңғы екі жиында белгіленген міндеттерді жалғастырды. Бірақ негізгі екпін өзгерді. Бұл жолы бөлінген қаржы көлемінен бұрын оның нақты нәтижесі сөз болды. Соңғы жеті жылда азық-түлік өндірісі 28 пайызға өсіп, жалпы құны 2,7 триллион теңге болатын 1630 жоба іске қосылған. Агроөнеркәсіп экспорты екі есе ұлғайып, 7 миллиард долларға жуықтады. Өңделген өнімнің үлесі 52 пайызға жетті.

Осы оң көрсеткіштерге қарамастан, ауылды қолдауға арналған бағдарламаларды қайта қарау ұсынылды. Қазір ауыл шаруашылығы саласындағы жобалардың көп болуы автоматты түрде жақсы нәтиже бермейді. Кейбірінің міндеті қайталануы мүмкін. Сондықтан әр бағдарламаның мақсаты, шығыны және нақты пайдасы салыстырылуға тиіс. Бұрын игерілген қаржы мен тіркелген жұмыс орны негізгі көрсеткіш болса, енді кәсіпорынның өміршеңдігі, тұрақты табыс және ауылдағы тұрмыс сапасы бағаланбақ.

Үшінші форумда агробизнестің ауыл алдындағы жауапкершілігі де жеке мәселе ретінде көтерілді. Кейбір жер иелері ауылдан тыс жерде тұрады және шаруашылықты тек пайда көзі ретінде қарастырады. Президент мұндай жағдайға заң жүзінде шара қолдану керектігін айтты. Яғни жерді пайдаланушы кәсіпкер өндіріс нәтижесімен қатар, ауылдың дамуына да үлес қосуға тиіс. Бұл ұстаным мемлекет пен агробизнес арасындағы қатынастың өзгеріп келе жатқанын көрсетеді.

Тікелей байланыс алаңы

Аталған форум Президент, Үкімет, әкімдіктер және фермерлер арасындағы тікелей байланыс алаңы. Форумда саланың мәселелері айтылып, кейін жауапты органдарға нақты тапсырмалар беріледі. Келесі жиында сол міндеттердің орындалу барысын бағалауға мүмкіндік бар. Аграрлық саясат өңірлік тұрақтылықпен байланысты. Ауылдағы жұмыс орындарының азаюы ішкі көші-қонды күшейтеді. Ірі қалаларға түсетін салмақ артып, өңірлер арасындағы айырмашылық тереңдейді. Сондықтан ауыл шаруашылығын қолдау өндірісті ғана емес, елдің аумақтық теңгерімін сақтау тәсілі.

Сонымен бірге ауыл шаруашылығы экономиканы әртараптандыруға мүмкіндік береді. Қазақстан мұнайға тәуелділікті азайтуға мүдделі. Терең өңдеу, логистика және экспорт дамыса, аграрлық сектор валюталық табыстың қосымша көзіне айнала алады. Бұл үшін шикізат сатудан дайын өнім шығаруға көшу керек. Әрі азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігіне айналды. Сондықтан ішкі сұранысты өз өнімімен қамтамасыз ету және сыртқы нарықтағы мүмкіндіктерді пайдалану қатар жүргізілуге тиіс.Мұның бәрі аграрлық саясаттың біртіндеп күрделеніп келе жатқанын көрсетеді. Ендігі мәселе жаңа бағдарламаларды көбейтуде емес. Бұрын қабылданған шешімдерді өзара байланыстырып, олардың орындалуын ашық бағалау маңызды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

БАЛА САНАСЫНДАҒЫ АТА ЗАҢ

Конституцияны жеткіншектерге қалай түсіндіреміз?

Конституция әр азаматтың төлқұжатындай қадірлі. Осы қадірлі Ата Заңды әр жеткіншек біліп өссе, еліміздегі құқықтық сана тың белеске көтерілмек. Олай болса, күрделі баптарды жаттатпай-ақ түсіндіруге бола ма? «Ата Заң сақшылары» комиксінің авторлары Бахытжан Сапаров пен шағатай тілі маманы, аудармашы Ділмұрат Уразбаев осы күрделі міндетті қызықты оқиға, балаға жақын кейіпкерлер арқылы шешуге тырысқан. Бахытжан Сапаров бізге жобаның қалай туғанын, заң тілін балаға бейімдеудің қиындығын және комикс сериясының алдағы жоспарын айтып берді.



– Бахытжан Жолдыбайұлы, балаларға Конституцияны комикс арқылы түсіндіру идеясы қалай пайда болды?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Балаларға заңдарды қарапайым тілмен түсіндірген абзал» деп айтқаны бар. Сондықтан бұл идеяның негізінде қарапайым бір ой жатыр: бала өзі өмір сүретін қоғамның ережелерін кішкентайынан түсініп өссе екен дейміз. Конституция туралы әңгіме тек үлкендерге арналған ресми ортада ғана қалмауы керек. Оның күнделікті өмірімізге қатысы бар екенін бала да сезіне алады. Комикс осындай ұғымдарды қызықты оқиға арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Бала кейіпкерге жанашыр болады, оның таңдауын бағалайды, өзін сол жағдайға қойып көреді. Баланың баптарды жаттауы емес, олардың өмірдегі мәнін түсінуі маңызды.

– «Ата Заң сақшылары» деген тақырып қалай таңдалды?

– Бұл атау арқылы әр баланың ортақ өмірге үлес қоса алатынын көрсеткіміз келді. Мұндағы сақшы тек тәртіпті қадағалайтын адам емес, әділдікті жақтайтын, досына көмектесетін, өзгенің пікірін құрметтейтін бала. Бұл атау жас оқырманға жауапкершілікті жақын әрі түсінікті етіп ұсынады.

Ал жобаның бірінші бөлімі «Ортақ үйдің іргетасы» деп аталады. Ол Конституцияның қоғамдағы орнын түсіндіруге арналған бөлім. Үйдің берік болуы іргетасына байланысты болса, ортақ өмірдің тұрақтылығы да бәріміз құрметтейтін қағидаларға сүйенеді. Баланың отбасынан, мектебінен білетін таныс ұғымы арқылы ел туралы кеңірек ойлануына жол ашқымыз келді.

– Конституцияның күрделі құқықтық тілін балаларға түсінікті етіп жеткізудің ең қиын тұсы қандай болды?

– Ең күрделі міндет – тілді жеңілдеткенде мағынаны жоғалтпау болды. Балаларға түсіндіру үшін құқықтық ұғымды тым қарапайымдатып жіберуге де, ресми анықтаманы сол күйінде ұсынуға да болмайтынын сездік. Сондықтан әр ойдың бала өмірінде қалай көрінетінін елестету маңызды болды. Мәселен, теңдік туралы ұзақ түсіндіргеннен гөрі, ортақ ойынға барлық баланың қатысуына мүмкіндік беретін жағдайды көрсету әсерлірек. Бірақ оқиға қызықты болуы үшін негізгі құқықтық мағына бұрмаланбауы керек болатын. Мен үшін сәтті нәтиже – бала оқып болған соң «Бұл менің өмірімде де кездеседі екен» деп, өз сөзімен түсіндіріп бере алуы, біздің негізгі идеямыз болатын.

– «Ата Заң сақшыларының» кейіпкерлері қалай таңдалды? Олардың өмірде прототиптері бар ма?

– Әрине! Біздің комиксіміздегі кейіпкерлер шын өмірден алынған өмірлік тұлғалар. Дегенмен, бізге, кейіпкерлерді оқырманның өз ортасындағы адамдардай қабылдағаны керек. Бірі сұрақ қояды, бірі бастама көтереді, енді бірі көпшілік байқамаған мәселені аңғарады. Осы түрлі көзқарас оқиғаны жандандырып, әр баланың өзін кейіпкерлердің бірінен тануына мүмкіндік береді.

Қарлығаш апай менің бастауыш мектепте ұстаз болған, ол комиксте өз бетінше ойлануға жетелейтін ересек тұлғаның бейнесін сомдады. Ал балалардың әрқайсысының пікірі ортақ шешімге әсер етуі керек болды. Кейіпкерлердің бойынан оқырманның өзіне, досына немесе ұстазына таныс қасиеттерді табуы маған ең маңызы болған еді.

– Бала санасында құқық пен міндеттің тепе-теңдігін қалай қалыптастыруға болады?

Мұны балаға таныс мысалдармен түсіндірген дұрыс. «Менің пікір айтуға құқығым бар, досымның да өз ойын айтуға құқығы бар. Сондықтан мен оны тыңдаймын» деген қарапайым байланыстың өзі көп нәрсені ұғындырады. Ортақ алаңда ойнау мүмкіндігі сол алаңды бірге күтіп ұстаумен ұштасады. Сонымен бірге, баланың құқығын оның жақсы тәртібі үшін берілетін сыйлық сияқты түсіндіруге болмайды. Құқық әр балаға тиесілі, ал жауапкершілік сол құқықтарды бір-бірімізге кедергі келтірмей жүзеге асыруға көмектеседі. Үлкендер осыны өз әрекетімен көрсетсе, бала әділдік пен жауапкершіліктің байланысын оңайырақ қабылдайды.

– Жалпы, Конституцияның барлық бөлімін қамтитын толық комикс сериясын шығару жоспарда бар ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Конституция әр адамның қолында жүретін, жұмыс үстелінде тұратын, жеке кітапханасынан орын алатын құжат болуға тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Бұл жобаның жалғасын баланың құқықтық түсінігін біртіндеп кеңейтетін мүмкіндік ретінде көремін. Алғашқы бөлім ортақ өмірдің негіздерін таныстырса, кейінгі оқиғалар сол түсінікті күнделікті жағдайлар арқылы тереңдете алады. Ал енді Конституция тақырыптарын толық қамтитын серия мазмұнды бағыт. Мұнда бастысы бөлім санын көбейту емес, әр шығарылымның балаға түсінікті әрі пайдалы болуы. Жарық көру мерзімін дайындық пен баспа кестесі нақтыланған кезде хабарлаған дұрыс деп есептеймін. Біздің бұл жобамызға қазір көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызығушылық білдіріп жатыр, сол себепті мемлекеттік саясатты дәріптейтін мұндай көркем шығармалар сұранысқа ие бола береді деп сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Пердехан РҮСТЕМБЕКҰЛЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Азиз Қажденбек – Ішкі саясат басқармасының басшысы

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының өкімімен Азиз Оралбекұлы Қажденбек қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы болып тағайындалды.



Азиз Оралбекұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін және Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтын тәмамдаған. «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Мұнай химиясы», «Менеджмент және басқару», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2013 жылы Алматы қаласында «Волонтерлер лигасы» қоғамдық қорында бастаған. Әр жылдары волонтерлік қозғалыс, жастар саясаты және қоғамдық даму салаларында басшылық және өзге де лауазымдарда қызмет атқарған. 2017 жылы Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы дайындау және өткізу дирекциясында жұмыс істеген, «Астана ЭКСПО–2017» көрмесінде еріктілер жұмысына жетекшілік еткен, ALT University және UIB білім беру ұйымдарында басшылық қызметтер атқарған.

2022 жылы тамыздан 2023 жылы наурызға дейін Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры болды. Ал 2023 жылдың наурызынан бастап қалалық Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары, 2024 жылдың тамызынан осы басқарманың басшысы қызметін атқарды.

Ұжымға жаңа директор келді

Мегаполистегі негізгі ақпарат орталықтарының бірі «Almaty Aqparat» медиахолдингіне жаңа басшы тағайындалды. «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» сынды тарихи басылымдарды біріктірген ұжымның тізгінін Ержан Қошқарәліұлы Жүнісов қолға алды.



Ержан Жүнісов Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Журналистика мамандығын тәмамдаған. Кейін Стамбулдағы Мармара университетінің магистратурасында білімін ұштады. Еңбек жолын 2006 жылы «Хабар» агенттігінде бастап, телевизия мен радио, баспа ісі мен медиа саласының сан қырлы мектебінен өтті.

Алдымен «Хабар» Агенттігі» АҚ «Айбын» әскери-патриоттық бағдарламасының редактор-жүргізушісі, публицистикалық бағдарламалар редакциясының редакторы, кейін жаңалықтар бөлімінің тілшісі (2009–2011), өндірістік бағдарламалар бөлімінің продюсері, «Таразы» апталық-сараптамалық бағдарламасының продюсері әрі жүргізушісі, «Айбын» әскери бағдарламасының продюсері (2011-2012) болды. 2013–2018 жылдар аралығында Түркия Республикасында «Хабар» агенттігі мен «Хабар 24» телеарнасының меншікті тілшісі ретінде қызмет атқарды.

2019 жылы «Қазақ радиолары» ЖШС Бас директорының кеңесшісі, «Қазақ радиолары» ЖШС Бас директорының орынбасары, «Қазақ радиолары» ЖШС Бас директорының міндетін атқарушы ретінде еңбек етті. Одан кейінгі жылдары «Orda FM» радиосының Бас директоры, «Elorda Aqparat» ЖШС директоры, 31 арнаның «Информбюро» ақпараттық бағдарламалар бөлімінің басшысы болды.

Жаңа жетекшіні Алматы қалалық Ішкі саясат басқармасының жақында ғана тағайындалған басшысы Азиз Қажденбек ұжымға таныстырып, алдағы қызметіне табыс тіледі. Өз кезегінде Ержан Жүнісов медиахолдингтегі игі бастамаларды ары қарай жалғастырып, мегаполистің дамуына ақпараттық қолдау көрсетуге бар күшін салатынын жеткізді.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».

Т.ҚОЖАКЕЕВ – 100

САТИРАНЫҢ САРДАРЫ



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында қазақ журналистикасының көрнекті қайраткері, белгілі журналист, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Темірбек Қожакеевтің туғанына 100 жыл толуына орай «Қожакеев құбылысы» атты еске алу кеші өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ғалымның ұрпақтары, әріптестері, шәкірттері мен журналистика саласының өкілдері қатысты.

Еске алу кешін Ұлттық кітапхананың ғылыми хатшысы Қанат Мұратбекұлы ашып, көрнекті ғалымның мол мұрасын насихаттауға, оның ғылыми және шығармашылық еңбектерін кейінгі ұрпаққа танытуға бағытталып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, академик Қансейіт Әбдезұлы, жазушы Марат Тоқашбаев, профессор Дандай Ысқақ, ғалым Дәмегүл Баялиева, сатириктер Ермахан Шайхы мен Бейбіт Сарыбай қатарлы зиялы қауым өкілдері Темірбек Қожакеевтің өмірі мен шығармашылық мұрасы, қазақ журналистикасының дамуына қосқан үлесі мен ғылыми-педагогикалық қызметі туралы кеңінен сөз етті.

Қазіргі таңда БАҚ саласында қаламгер-ғалымның 100 жылдығы кеңінен атап өтілуде. Журналистика саласында бірнеше буын тәрбиелеп, соңына мол мұра қалдырып кеткен Темірбек Қожакеевтің есімі ерекше аталады. Ұзақ жыл ҚазҰУ-дың Журналистика факультетін басқарып, осы саланың ғана емес, сатира жанрының дамуына да зор үлесін қосты.

Т.Қожакеев қазақ сатирасының тарихы мен жанрлық ерекшеліктерін зерттеп, сатиратану ғылымының дамуы жолында аянбай еңбек етті. «Сатира сардары», «мық шеге» атанған қаламгер «Қазақ сатирасы», «Абай – сатирик», «Сатира және дәуір», «Сатира негіздері» секілді бірқатар іргелі ғылыми еңбектердің авторы. Бүгінде танымал болған қаламгерлердің арасында Т.Қожакеевтің «Жас тілшілер серігі» атты шағын журналистикаға кіріспесін оқымағаны кемде-кем шығар.

Іс-шара аясында қайта басылып шыққан «Көк сеңгірлер» және «Үркіншілік» атты кітаптарының таныстырылымы өтті. Оқырманға қайтадан жол тартқан мұралардың талай буынға азық болары анық.

Рая ЕСКЕНДІР.

ӘЛ-ФАРАБИ ДАҢҒЫЛЫ

АЙМАҚТАНУДАҒЫ АЙТУЛЫ КЕЗЕҢ



Алматыда Орталық Азия мен қазақ даласының тарихи кеңістігін зерттеуге арналған үш жылдық ғылыми бағдарламаның нәтижелері таныстырылды. Әлем архивтері мен ғылыми қорларынан 200-ден астам тарихи карта анықталып, төрт монография, 115 карталық тарихи атлас және 170-тен астам картаны қамтитын интерактивті платформа әзірленді.



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүзеге асқан бұл ғылыми бағдарлама Шығыс пен Батыс дереккөздері негізінде Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи географиясын кешенді зерттеуге бағытталды. Жобаның ерекшелігі – көне карталар мен жер-су атауларын зерттеуді саяси тарих, археология, география, топонимика, деректану, картография және цифрлық технологиялардың әдістерімен ұштастыруында.

Отандық және шетелдік ғалымдардың бірлескен ізденісі нәтижесінде тарихи кеңістікті зерттеуге арналған ауқымды деректік қор жинақталып, іргелі еңбектер жарияланды. Ал географиялық ақпараттық жүйелер негізінде жасалған интерактивті платформа осы мәліметтерді салыстыра талдаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынды.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері және осы жобаның үйлестірушісі Алмас Жүнісбаевтың сөзінше, ғалымдар үш жыл бойы зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Мемлекет басшысының «Қазақстан ғылымы халыққа қызмет етуі керек» деген бағыты аясында осындай іргелі ғылыми өнімді көпшілік қолданысына ұсынып отырмыз. Әлемдегі саяси мәселелерде үлкен өзгерістер болып жатыр. Қазақстан өзінің терең тарихы мен егемендігін көрсетуі үшін тарихи географияға деген үлкен қызығушылық туындап отыр. Бұл сұраныс тек Қазақстанда емес, бүкіл әлемде байқалады. Осыны ескеріп, біз Шығыс (Қытай, Жапония, араб, парсы, түрік деректері) және Батыс (латын, француз, венгр, нидерланд, неміс тілдеріндегі еңбектер) картографиялық деректерін, карталар мен тарихи жазбаларды жинақтау жобасын қолға алдық. Зерттеу барысында ғалымдарымыз АҚШ (Вашингтон кітапханасы, Гарвардтың Хоутон және Вайденер кітапханалары), Австрия, Түркия, Тайвань және Ватиканның Апостол архиві мен кітапханасынан құнды деректер мен карта коллекцияларын жинақтады. Мәселен, Ватиканнан табылған әйгілі корей картасы – «Каннидо» тек Қазақстан мен Орталық Азияның емес, сол кездегі бүкіл әлемнің тарихи кеңістігін көрсететін аса құнды дерек. Басты мақсатымыз – еліміздің тарихи-географиялық кеңістігінің қалай қалыптасқанын, оны өзге елдердің қалай танығанын және терминдер мен топонимдердің, шекаралардың қалай өзгергенін анықтау», – дейді ол.

Жобаның үлкен жетістіктерінің бірі – Қазақстанда тұңғыш рет энциклопедиялық форматта дайындалған тарихи атлас. Бұрынғы атластарда тек белгісіз карталар ұсынылатын болса, 115 картаның барлығын зерттеп, әрқайсысына арнайы ғылыми сипаттама мен ғылыми төлқұжат әзірленген. Онда картаның авторы, сызылған уақыты, жарық көрген жері, масштабы, проекциясы және ондағы терминдер толық көрсетілді. Сонымен қатар, бұл карталар біздің аймақ тарихы үшін несімен құнды екені талданып, қазақ және ағылшын тілдерінде жарық көрді.

Жалпы, бұл жобаға Қазақстан мен шетелдің 20-дан астам ғылыми мекемесінен 70-ке жуық ғалым қатысып, ал негізгі жұмыс тобын 30–35 географтар, археологтар, тарихшылар, ГИС және IT мамандары құрады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАБЫС ТАП ТА, ТАҒДЫРЫҢДЫ ӨЗГЕРТ

Алматыда әлеуметтік кәсіпкерлік мүгедектігі бар адамдарды, жұмыссыз әйелдерді, мамандығы жоқ жастар мен қиын жағдайға тап болған отбасыларды қолдаудың маңызды тетігіне айналып келеді. Мұндай жобалар азаматтардың еңбекке араласып, қаржылық дербестікке қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Дегенмен, салада қаржы тарту, ғимаратты жалға алу және мемлекеттік органдармен жұмыс істеу кезінде кедергілер әлі де кездеседі.



Бұл туралы «Атамекен» ҰКП қалалық әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі кеңесінің төрағасы, әлеуметтік қор жетекшісі әрі кәсіпкер Күлара Маненова Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

«Бірер жыл бұрын бізде әлеуметтік кәсіпкерлік бизнестің дербес бағыты ретінде қабылданбаған. Қазір жағдай өзгерді. Әлеуметтік кәсіпкерлік заң тұрғысынан мойындалды, сол бойынша арнаулы комиссиялар жұмыс істейді, мемлекеттік қолдау жағы да қолға алынды. Әлеуметтік кәсіпорын ерекше білім беруге мұқтаж балалар, жұмыссыз әйелдер, мамандығы жоқ жастар, мүгедектігі барлар мен қиын жағдайға тап болған отбасылар үшін құрылады», – дейді спикер.

Айтуынша, дәстүрлі бизнестен айырмашылығы, әлеуметтік кәсіпорын пайда табуды ғана емес, қоғамдық мәселені шешуді де мақсат етеді. Бұл ретте оның қызметі жобаның өз бетінше жұмыс істеп, сырттан келетін көмекке тәуелді болмай-ақ халыққа пайда келтіре беретіндей етіп ұйымдастырылады.

Алматыда қазір білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік бейімдеу мен инклюзия бағытын қамтитын әлеуметтік кәсіпкерлердің белсенді қауымдастығы қалыптасып отыр. Олардың қатарында инклюзивті білім беру орталықтары, түзету мен оңалту мекемелері, білім беру ұйымдары, балалар мен жастарға арналған спорттық жобалар бар. Сондай-ақ, мүгедектігі барларды жұмыспен қамтитын кәсіпорындар, әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыратын шеберханалар мен өндіріс орындары жұмыс істейді. Жекелеген бастамалар көпбалалы отбасыларды, тәуекел тобындағы балаларды қолдауға, әйелдерді кәсіби даярлап, олардың экономикалық дербестігін дамытуға бағытталған.

Күлара Маненованың өзі де көп жылдан бері кәсіби оқыту, адам капиталын дамыту, әйелдер мен жастарды қолдау бағытындағы жобамен айналысады екен. Ұйымның білім беру бағдарламасы арқылы жүздеген адам білім алған. Олардың көбі басында өзіне сенімсіздеу болып келгенімен, оқудан кейін жұмысқа орналасып, бір-бір бизнес ашып алыпты.

«Біз адамдарға мамандықтың қыр-сырын үйретіп қана қоймаймыз. Оларға өз бетінше өмір сүріп, жеке кәсібін ашып, ыңғайына келетін лайықты жұмыс табуға да көмек береміз. Көпшілігі бізге мамандығы жоқ болып, өзіне сенімсіз күйде келеді. Қазір енді кейбірі табысты еңбек етіп, жеке кабинетін, салонын, оқу курсын ашып, салық төлеушіге айналып, өзге адамдарға жұмыс беріп отыр. Әлеуметтік кәсіпкерліктің басты құндылығы да осында. Біз мәселені бір күнге ғана шешпейміз, адамның өз болашағын өзгертуіне мүмкіндік беретін жағдай қалыптастырамыз», – деді спикер.

Бұл бағыттың дамуына кедергі келтіретін бірнеше мәселе әлі де бар. Ресми мәртебесіне қарамастан, кәсіпкерлер әкімшілік кедергіге, ғимаратты жалға алу, коммуналдық қызметке қосылу мен қаржы тарту кезінде қиындыққа тап болады. Әлеуметтік кәсіпорындар өздерінің қоғамдық миссиясын дәлелдеу үшін де қосымша күш жұмсауға мәжбүр. Мемлекеттік органдар олардың қызметінің ерекшелігін әрдайым ескере бермей, мұндай ұйымдарды кәдімгі коммерциялық кәсіпорындармен бірдей бағалайды.

Спикер бұл бағыттағы қолдауды өңірлік деңгейде күшейту қажеттігін айтты. Оның айтуынша, әлеуметтік бизнеске қолжетімді қаржы құралы, жеңілдетілген несие, жұмыс істеп тұрған жобаларды кеңейтуге арналған гранттар, білім беру мен кеңес беріп қолдау қажет. Сонымен қатар, ақпараттық қолдау көрсету, мемлекеттік және корпоративтік сатып алуға қатысу мүмкіндігін кеңейту, әлеуметтік тапсырыс пен әлеуметтік ықпалды бағалау тетіктерін де қоса дамыту керек.

Дана САДЫРҚАН.
Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Шаһарда құрылыс жұмыстарының көлемі бір жылда 23,1% артып, 972,9 млрд. теңгеге жетті. Қалада тұрғын үй кешендерімен қатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың құрылысы жүріп жатыр. Ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,9 трлн. теңгеге жуықтады. Құрылыс алаңының көбеюі мен қаржы көлемінің ұлғаюы қаланың тұрақты дамуына қалай ықпал етіп отыр?

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-қазан айларында мегаполисте орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 972 млрд. 868,8 млн. теңге болды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 23,1% жоғары. Аталған кезеңде Қазақстан бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 8,96 трлн. теңгеге жетіп, 13,1% өскен. Демек, Алматыдағы өсім республикалық орташа көрсеткіштен де жоғары болды.

Құрылыс саласындағы белсенділікті пайдалануға берілген тұрғын үйлердің көлемінен де байқауға болады. Мысалы, он айда қалада жалпы ауданы 2 млн. 272,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде көппәтерлі тұрғын үйлердің ауданы 1 млн. 985,4 мың шаршы метрді құраса, жеке тұрғын үйлердің ауданы 269,2 мың шаршы метр болды.

Қаладағы тұрғын үй құрылысының негізгі бағыты көппәтерлі кешендерге қарай ойысып отыр. Мұның бір себебі – мегаполистегі жер ресурсының шектеулілігі мен халық санының өсуі. Шаһар аумағында құрылысқа жарамды жер телімдерінің азаюы, тұрғын үйге деген сұраныстың сақталуы және инфрақұрылымға жақын аумақтарды игеру құрылыс салушыларды көпқабатты жобаларға көбірек бағыттайды.

Алматы үшін тұрғын үйдің саны ғана емес, оның қолжетімділігі, орналасқан жері, инженерлік



желілермен қамтамасыз етілуі және әлеуметтік нысандарға жақындығы маңызды. Жаңа тұрғын үй кешендері бой көтерген сайын мектеп, балабақша, емхана, жол және қоғамдық көлікке түсетін жүктеме де артады. Сондықтан құрылыс саясаты тұрғын үй салумен шектелмей, тұтас ауданның инфрақұрылымын қатар дамытуды көздеуі керек.

Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым да қала дамуындағы күн тәртібінде тұр. Халық санының артуы білім беру мен денсаулық сақтау нысандарына деген сұранысты күшейтіп келеді. Бұл арада тағы Ұлттық статистика бюросының ақпаратына жүгіндік. 2026 жылдың қаңтар-қазан айларында ел бойынша 44 жалпы білім беретін мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым және тоғыз амбулаториялық-емханалық нысан пайдалануға берілген. Бұл – құрылыс саласының әлеуметтік маңызы бар бағыттарының бірі.

Көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту да маңызды. Әсіресе, жол желісін жаңарту, сумен және жылумен жабдықтау, кәріз жүйесін кеңейту, қоғамдық көлік инфрақұрылымын жетілдіру сияқты жұмыстар жаңа құрылыс аудандарының тұрақты жұмыс істеуіне негіз болады.

Биыл маусымда жергілікті бюджетті нақтылау мәселесі қаралып, қосымша қаражатты әлеуметтік, көлік, спорт және туристік инфрақұрылымға бағыттау жоспарланды. Атап айтқанда, «Ақсай-2» шағынауданындағы №42 мектепті қайта жаңғырту, №158 мектептің орнына жаңа ғимарат салу, «Алатау» қалалық емханасын жаңарту, перинаталдық орталық пен балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына қатысты жобаларды әзірлеу қарастырылды. Сондай-ақ, тау кластерінің инженерлік инфрақұрылымы, аспалы жолдар, спорт және қоғамдық орталықтар жобалары да күн тәртібіне енгізілген. Мұндай бастамалардың маңызы зор.

Құрылыс көлемі өскен сайын нысандардың сапасы мен қауіпсіздігіне бақылау да күшейтілуі қажет. Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының деректерінше, 1258 нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның 347-сі бюджеттік, 911-і коммерциялық нысан. Құрылыс жұмыстарының қатарында 147 тұрғын үй кешені бар.

Мегаполисіміз үшін басты міндет – құрылыс саласына бағытталған қаржының қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуына, экономиканың өнімділігін арттыруына және қаланың ұзақмерзімді дамуына қызмет етуі.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

Мемлекеттік қызмет алу кезінде тұрғындарды толғандыратын сұрақ аз емес. Бірі әлеуметтік төлемнің тәртібін білгісі келсе, енді бірі жұмысқа орналасу, тұрғын үй немесе медициналық-әлеуметтік сараптама мәселесі бойынша кеңес іздейді. Осындай сауалдарға жауап беру мақсатында Алматы қаласының Түрксіб ауданында «Қызмет алушылар күні» ұйымдастырылды.

Тұрғындар сұрағына жауап берді

Ашық есік форматында өткен кездесуде тұрғындар мемлекеттік мекемелердің мамандарымен тікелей сөйлесіп, өз мәселелеріне жауап алды. Жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй және көлік салаларына қатысты сұрақтар талқыланды. Әсіресе, зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді рәсімдеу, жұмысқа орналасу және отбасыларға көрсетілетін көмек түрлері тұрғындар үшін маңызды болды.

Кездесуде келесі жылдан бастап әлеуметтік қолдау жүйесіне енгізілетін өзгерістерге де назар аударылды. 2027 жылғы 11 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің пилоттық жобасы іске қосылады. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік көмекті нақты мұқтаж отбасыларға бағыттап, әлеуметтік төлемдерді тағайындауда әділдік пен атаулылықты арттыру.

Жаңа жоба аясында отбасының материалдық жағдайын бағалау нәтижесінде әл-ауқаты жоғары және ауқатты санаттарға жатқызылған отбасыларға қатысты 36 әлеуметтік төлемнің 12 түріне жаңа тәсілдер қолданылады. Кездесу барысында мамандар осы өзгерістердің мәнін түсіндіріп, тұрғындарды алдағы талаптармен таныстырды.

Түрксіб ауданы әкімдігі аппаратының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас инспекторы Күлаш Әділбекованың айтуынша, мұндай кездесулер тұрғындарға қажетті ақпаратты тікелей жауапты мамандардан алуға мүмкіндік береді.

– Қызмет алушылар күнін жыл сайын өткіземіз. Биыл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалының Түрксіб аудандық бөлімшесімен бірлесіп ұйымдастырдық. Ауданда 18 мемлекеттік қызмет түрі бойынша 20 941 өтініш қабылданды. Оның 4347-сі бойынша қызмет көрсетуден бас тартылған. Мемлекеттік қызмет сапасына, белгіленген мерзімдердің бұзылуына немесе ақпараттық жүйелер арқылы қызмет алуға қатысты шағым тіркелген жоқ, – деді Күлаш Әділбекова.

Іс-шараға қалалық басқармалар мен аудандық бөлімдердің, Еңбек мобильділігі орталығының, полиция және қорғаныс істері жөніндегі басқармалардың өкілдері қатысты. Сонымен қатар, «Ардагерлер кеңесі», Отбасын қолдау орталығы, «Тең қоғам» орталығы және басқа да қоғамдық ұйымдардың мамандары тұрғындарға кеңес берді.

Кездесу барысында азаматтар өздерін қызықтырған мәселелерді тиісті мекеме өкілдеріне тікелей қойып, алдағы өзгерістер туралы мәлімет алды. Мұндай кездесулердің маңызы – тұрғын мен мемлекеттік орган арасындағы байланысты жақындатып, қызмет алу тәртібін түсінікті ету.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.





КАНДИДАТТАР ДӘРІГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматыда сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында «Әділет» партиясының сайлауалды штабының өкілдері №29 қалалық емхананың еңбек ұжымымен кездесті. Басқосуда медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру, алғашқы медициналық көмекті жетілдіру және халық денсаулығын нығайту мәселелері талқыланды.

Кездесуге «Әділет» партиясынан Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттар, Алатау аудандық сайлауалды штабының мүшелері және емхана қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында партияның 2026–2031 жылдарға арналған Алматы қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Атап айтқанда, алғашқы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, ауруларды ерте диагностикалау, профилактикалық шараларды күшейту және ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, 2031 жылға қарай халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыруға бағытталған міндеттер қарастырылды. Қатысушыларға партия бағдарламасындағы тұрғын үй саясатының басымдықтары да таныстырылды. Атап айтқанда, 2031 жылға дейін бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткішін 33 шаршы метрге жеткізу және жалпы көлемі 16,5 миллион шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланғаны айтылды.

Жиын соңында сайлауалды штаб өкілдері емхана қызметкерлерін 29 қарашада өтетін Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының кезектен тыс сайлауына белсенді қатысуға шақырды.

Дайындаған:
«Әділет» партиясы Алматы қалалық филиалының баспасөз қызметі.
Тапсырыс беруші: С.В.Канкуров.
Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражатынан төленді.

АЛМАТЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАМЫН!

Алатау ауданы бойынша №3 бірмандаттық сайлау округінен Қалалық мәслихат депутаттығына кандидат, «Ақжол» Демократиялық партиясы мүшесі Марат Досанбетұлы БАЙМҰСАЕВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Марат Досанбетұлы, 1976 жылы 24 қазанда дүниеге келгем. 1996 жылы Шымкент экономика және заң колледжін, 2002 жылы Қарағанды экономика университетін тәмамдадым. Еңбек жолымды 2001 жылы «ТАЛАП» ЖШС-де бастадым. Негізгі кәсіби бағытым – логистика және экономика. Осы салалардағы бірқатар серіктестіктерге басшылық еттім. «ЭКСПО Строй», «АТАДАН», «Бизнес Центр Азия», «Евролюкс», «Экспо Дизайн» ЖШС-терін басқардым. Аталған еңбек жолымда еліміздің логистика саласына бір кісілік үлесімді қосып келдім. Қазір «МКА Евразия» ЖШС Бас директоры болып қызмет етемін.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттығына кандидат ретінде сайлаушыларға өз бағдарламамды ұсынғым келеді.

Алматы – еліміздің оңтүстік астанасы әрі ең ірі мегаполисі. Қалада екі миллионнан астам халық тұрады. Бюджеті кейбір шағын мемлекеттердің бюджетіне пара-пар мегаполистегі басты табыс шағын және орта бизнес пен экологиялық туризмге тиесілі. Бұл үшін Алматыда керемет табиғи жағдай да қалыптасқан. Жалпы, Алматы мемлекет бюджетіне мол салым қосып отырған мегаполис.

Қаламызда жоғары оқу орындары да көптеп шоғырланған. Тиісінше ел жастарының 25–30% да Алматыға топтасады. Осыған орай мегаполисті елдің ғылым-білім, мәдени, спорт, туризм астанасы деп те атайды. Алматы қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелудегі басты мақсатым – осындай ірі шаһардың дамуына үлес қосу.

Егер мәслихат депутаты болып сайлансам, қаламыздағы әр саланың алға ілгерлеуіне қолдаушы болып, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына ықпал ету менің депутаттық міндетімнің басты бағытына айналады.

Мегаполистің күретамыры саналатын коммуналдық инфрақұрылым, қала жолдары мен қоғамдық көліктің дамуы да депутаттық қызметімнің негізгі бағытының бірі болады. Сондай-ақ, оңтүстік астанамызда мәдениет ошақтары мен демалыс аймақтары қарапайым қала тұрғындары үшін қолжетімді болуы тиіс. Әрі медициналық көмек пен орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету де аса маңызды. Бұл мәселелер де депутат ретінде менің назарымнан тыс қалмайды.

Алматы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан заманауи логистикалық орталық. Қуатты экономикаға ие Қытаймен шекараға жақын, әрі оның Батыс әлемімен жалғасатын экономикалық дәлізінде орналасқан. Сондықтан да Қытайдан шығатын мол тауар айналымының маңызды бекеті. Алматының темір жолы да автомагистралы да осы әлемдік тізбектің кем болса болмайтын бөлігі саналады. Міне, осы тұрғыдан алғанда көрші елмен логистика, тауар тасымалы, кедендік қызмет жөнді жолға қойылса, мегаполисте тіпті де мол табыс алып келері даусыз.

Сонымен қатар, Алматы Индустриалды аймағының да әлеуеті зор. Онда зауыт-фабрикалар, өндіріс орындарын ашуға да мүмкіндік мол. Болашақта қаламыз елдің мәдениет, білім, туризм ғана емес, өндіріс-кәсіпкерлік орталығы болуы тиіс. Мен өз білімім мен тәжірибемді пайдалана отырып, қаламыздың осы бағыттағы дамуына да аянбай еңбек еткім келеді.

Қорыта айтқанда, мен, Марат Баймұсаев, елдің ең үлкен шаһары Алматының дамуына өзімнің азаматтық үлесімді қоссам деймін.

Алматы Азияның айтулы қаласы болуға лайық, ал алматылықтар соған сай жоғары өмір сүру сапасына лайық.

Алматы қалалық мәслихатына кандидат М.Д.Баймұсаевтың сайлау қоры қаражатынан төленді.
Тапсырыс беруші: Марат Баймұсаев.
Тапсырыс қабылдаушы: «Almaty Aqparat» ЖШС.



ЦИФРЛЫ ҚАЛАНЫҢ ТИІМДІ ШЕШІМДЕРІ

Технологиялардың қарқынды дамуы қаланың келбетін ғана емес, оны басқару тәсілдерін де түбегейлі өзгертуде. Қалалық инфрақұрылым туралы мәліметтерді жинау, көлік қозғалысын талдау, тұрғындардың өтініштерін жедел өңдеу, жолдардың жағдайын бақылау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттарында жасанды интеллект пен цифрлық платформалардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылып жатыр.

2026 жылдың Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануы осы саладағы бастамаларға жаңа серпін берді. Алматыда 2026–2030 жылдарға арналған Smart City даму стратегиясы мен қаланың цифрлық трансформация картасы аясында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл бастамалар көлік жүйесін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, экологияны, қоғамдық қауіпсіздікті, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын, сондай-ақ инновациялық экономиканы қамтиды. Негізгі мақсат – цифрлық шешімдердің көмегімен қаланы басқару тиімділігін арттырып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру.

ЖИ жолды да қадағалайды

Алматыда цифрлық технологияларды енгізудің маңызды бір бағытының бірі – көше-жол желісінің жағдайын бақылау. Бүгінде қала аумағында жалпы ұзындығы 3145 шақырым болатын 2752 көше бар. Осындай ауқымды жол желісін тұрақты тексеріп, ақауларды дер кезінде анықтау қала қызметтері үшін күрделі міндет саналады. Жол жабынының сапасы алматылық жүргізушілер де, тұрғындар да жиі көтеретін мәселелердің бірі. Әсіресе, қысқы аяздан кейін пайда болатын шұңқырлар мен жарықтарды уақытылы анықтап, жөндеуді қажет ететін учаскелерді белгілеу маңызды.

Осы бағытта жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланатын бірнеше цифрлық шешім қолға алынған. Солардың бірі – RoadScan жобасы. Жол жабынының жағдайын автоматты түрде бақылауға арналған жүйені Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жасанды интеллект және Big Data кафедрасына қарасты Цифрлық егіздер зертханасы әзірлеп жатыр.

Жобаның басты ерекшелігі – жолдарды тексеру үшін арнайы көлік шығарудың қажеті жоқ. Камера мен GPS құрылғыларын күнделікті бағытта жүретін қоғамдық көліктерге орнату көзделген. Камераға түсірілген бейнежазбаларды компьютерлік көру алгоритмдері талдап, жолдағы шұңқырлар мен жарықтарды автоматты түрде анықтайды. Әр ақаудың нақты координаты белгіленіп, қала картасына енгізіледі. 2026 жылғы тамызда басталған жобаның бастапқы алгоритмі әзірленіп, сынақтан өткізілді. Жобаны жүзеге асыру мерзімі 2027 жылғы тамызға дейін белгіленген.

Қазіргі таңда бұған ұқсас Алматыда жол сапасын жасанды интеллект арқылы бақылауға бағытталған JolQal.ai жүйесі бар. Бұл жүйе жедел жәрдем көліктері мен автобустарға орнатылған бейнетіркегіштерден алынатын деректер арқылы жол ақауларын анықтауға арналған. Демек, мегаполисте көше-жол желісін цифрлық тәсілмен бақылау технологияларын сынау және қолдану аясы біртіндеп кеңейіп келеді.

Қауіпсіздік бақылауда

Алматыдағы цифрландыру жұмыстарының тағы бір маңызды бағыты – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазір қалада Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі жұмыс істейді. Қалалық цифрландыру басқармасының 2026 жылғы 13 қарашада жарияланған мәліметіне сәйкес, мегаполисте шамамен, 63 мың бейнебақылау камерасы орнатылған. Олардың 7,5 мыңнан астамы бейнеталдау жүйесімен жабдықталған.

Заманауи камералар бейнежазба түсірумен ғана шектелмейді. Жасанды интеллект алгоритмдері өрт пен түтінді, төбелес пен агрессия белгілерін, адамдардың рұқсат етілмеген аумаққа кіруін, жол-көлік оқиғаларын және өзге де күмәнді жағдайларды автоматты түрде анықтай алады.



Бейнеаналитиканың мүмкіндігі қоғамдық тәртіпті бақылаумен шектелмейді. Жүйе қоқыс контейнерлерінің толып кеткенін, ірі көлемдегі қалдықтардың жиналуын және көлік қозғалысындағы кептелістерді де анықтай алады. Камералардан алынған ақпарат тиісті қалалық қызметтерге жедел жолданып, оқиғаға дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік беріп отыр.

Қағазбастылық азая бастады

Тұрғындардың күнделікті тұрмысын жеңілдеткен цифрландырудың маңызды нәтижелерінің бірі – мемлекеттік және коммуналдық қызметтерді онлайн алу мүмкіндігі. Бұрын анықтама алу немесе өтініш беру үшін мекемеге барып, кезек күту қажет болса, бүгінде көптеген қызметті электронды форматта рәсімдеуге болады.

2026 жылдың алғашқы тоғыз айында Алматыда барлығы 15 миллион 681 мың 711 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның 14 миллион 620 мың 632-сі электронды форматта ұсынылған. Бұл көрсетілген қызметтердің 93,23%-ын құрайды. Ал қағаз түрінде көрсетілген қызметтердің үлесі небәрі 0,28% болған. Коммуналдық салада да цифрлық шешімдер кезең-кезеңімен енгізіліп келеді.

Мемлекеттік мекеменің IT маманы Бекнұр Қазыбекұлы цифрландырудың адам өміріне әкелген өзгерістері туралы былай дейді:



– Бұрын көптеген құжат қағаз жүзінде рәсімделетін. Қандай да бір өтініш беру үшін мекемеге барып, қағаз толтырып, жауап күту керек болатын. Ол кезде адамдардың көбі компьютердегі ақпаратқа толық сене бермейтін. Құжаттың қағаздағы нұсқасы болғанын қалайтын. Ал қазір жағдай өзгерді. Көптеген қызмет электронды форматқа көшіп, тұрғындар өтініштерін онлайн беріп, қажетті құжаттарын интернет арқылы ала алады, – дейді ол.

«Ақылды қаланың» дамуын сапалы интернет пен тұрақты байланыс инфрақұрылымынсыз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты Алматыда жоғары жылдамдықты интернет желісін кеңейту және жаңа буын байланыс технологияларын енгізу жұмыстары жүргізіліп келеді. Қала әкімдігінің 2026 жылғы шілдеде жариялаған мәліметіне сәйкес, Алматы XGSPON технологиясын Wi-Fi 6 жүйесімен бірге енгізген Қазақстандағы алғашқы қала атанды. Жаңа технология интернет жылдамдығын секундына 10 Гбит-ке дейін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Түрксіб ауданындағы 80 тұрғын үй, сондай-ақ Наурызбай және Әуезов аудандарындағы 700-ден астам үй жаңа инфрақұрылымға қосылған.

2026 жылдың соңына дейін жоғары жылдамдықты интернетпен 10 мың көпқабатты тұрғын үйді қамту жоспарланып отыр. Қаланың қоғамдық кеңістіктеріндегі интернет қолжетімділігі де біртіндеп артып келеді. Алматыда мыңнан астам қоғамдық Wi-Fi нүктесі жұмыс істейді және 900-ден астам 5G базалық станция орнатылған.

Алматыда цифрлық трансформациясы бір ғана саламен шектелмей, жол сапасын бақылаудан коммуналдық инфрақұрылымды басқаруға, қоғамдық қауіпсіздіктен мемлекеттік қызмет көрсетуге дейінгі көптеген бағытта жаңа технологиялық шешімдер енгізіліп жатыр. Бұл үдерістің маңызды бөлігі – қаладағы IT-индустрия мен стартаптар экожүйесін дамыту. Әкімдік дерегіне сәйкес, 2022–2024 жылдары аталған бағытта 6235 жұмыс орны ашылып, 19,2 миллион АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылған. Ал 2026-2027 жылдарға арналған жоспар аясында 300 стартапқа қолдау көрсету, 100 миллион доллар инвестиция тарту және 45 жобаны халықаралық нарыққа шығару көзделген. Дегенмен, ақылды қала құру үшін мыңдаған камера орнатып, заманауи технологияларды сатып алу жеткіліксіз. Ең басты көрсеткіш – сол шешімдердің тұрғындарға нақты пайда әкелуі болмақ.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.

АВИАЦИЯДАҒЫ ОРНИТОЛОГТАР



Коллажды жасаған Нұрбосын ӘРІСҰЛЫ.

Әуежай аспанын кімдер күзетеді?

Жүздеген жолаушыны алып ұшқан әуе кемелерінің қауіпсіздігіне жауап беру – аса маңызды міндет. Ал бұл міндет ұшқыштар мен авиациядағы техникалық мамандарға ғана жүктелмеген...



Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) жыл сайын ұшақтар мен тікұшақтардың құстармен соқтығысқан 5 мыңға жуық жағдайды тіркейді. Осындай апаттарды болдырмас үшін әрбір әуеайлағында орнитологтар тобы жұмыс істейді. Олар қанаттылардың ұшақтарға кедергі келтірмеуін сәт сайын жіті қадағалап, әуе кеңістігінің қауіпсіздігіне жауапты. Алматы халықаралық әуежайына барып, авиациядағы орнитологтардың күнделікті жұмысымен жақын танысудың сәті түсті.

Келген бетте бізді Әуеайлағын қолдау және бақылау қызметінің жетекшісі Серік Нұрланбеков қарсы алып, мамандардың кеңсесіне бастап барды. Әуеайлаққа шығар алдында қауіпсіздік талабына сай арнайы жилет киіп, кезекші орнитологтарға қарай беттедік.

Құстар мен әуе кемелерінің соқтығысу деректері Алматы әуежайында да жыл сайын тіркеледі. Мамандар айтқан статистикаға сүйенсек, 2020 жылы – 11, 2021 жылы – 5, 2022 жылы – 22, 2023 жылы – 10, 2024 жылы – 10, 2025 жылы – 11 рет болса, биыл – 10 оқиға тіркелген. Ең көп жағдай 2022 жылы байқалып, 22 соқтығысудың алтауында әуе кемесі зақымданған. Ал биылғы он деректің екеуінде ұшақтарға зақым келген.

Апатты жағдайлар азайған

«Кейінгі жылдары құстарға қатысты апатты жағдайлар азайды. Мұндай оқиғадан соң орны мен уақыты, әуе кемесінің ұшу кезеңі, құстың түрі және жалпы орнитологиялық ахуал жан-жақты талданады. Жүйенің халықаралық талаптарға сәйкестігін бақылау мақсатында жыл сайын ИКАО талаптары негізінде аудиторлық тексеріс болады», – дейді Серік Нұрланбеков.

Әуежайда орнитологиялық қызмет тәулік бойы жұмыс істейді. Негізгі міндеті – құстардың қозғалысын бақылау, шоғырланатын орнын анықтау, үркітіп, әуе кемелерінің құстармен соқтығысу қаупін азайту. Егер орнитологтар ұшу-қону жолағынан немесе оған іргелес аумақтан ірі құстарды байқаса, бірден жағдайды бағалап, қанаттылардың түрін, саны мен орналасқан жерін анықтайды. Қажет болса, дереу әуе қозғалысын басқару диспетчеріне хабарлап, құстарды қауіпсіз аймаққа қарай үркітуге кіріседі.

«Ол үшін биоакустикалық, пиротехникалық құралдарды пайдаланады. Аэродром аумағынан алысқа қуғаннан кейін ұшу-қону жолағы мен маңайы қайта тексеріліп, нәтижесі диспетчерге баяндалады. Барлық іс-қимыл әуе қозғалысын басқару қызметімен өзара үйлесімді түрде жүзеге асырылады», – деді маман.

Алматы әуежайында тәулігіне жүз ұшақ ұшады, сонша ұшақ қонады. Міне, осы рейстердің сәтті орындалуы біздің бүгінгі өз ісіне жауапты кейіпкерлеріміздің де арқасы.

Қазір әуежайдың орнитологиялық қызметінде 9 маман жұмыс істейді. Оның ішінде 8 орнитолог 12 ауысымдық кесте бойынша кезекшілік атқарып, аэродром аумағын бақылайды. Ал бір маман бес күндік жұмыс кестесі бойынша жағдайды талдап, алдын алу шараларын үйлестіріп отырады.

Кейінгі кездегі әлемдегі геосаяси жағдайларға байланысты Қазақстан арқылы ұшатын рейстер көбейді. Отандық авиациядағы қауіпсіздікті нығайтуда заманауи технологиялардың рөлі артты. Осы орайда алдағы уақытта Алматы әуежайына құстардың қозғалысын автоматты түрде анықтайтын жасанды интеллект жүйелерін, орнитологиялық радарлар мен озық бейнебақылау құрылғыларын енгізу жоспарланып отыр.

Аға орнитолог Айдос Айдарұлы Алматы әуежайында 2024 жылдан бері еңбек етіп келеді. Мамандығы – биолог-аңтанушы, бұған дейін Алматы ұлттық табиғи паркінде қызмет атқарған.

Сирек мамандық иелері

«Орнитология – құстарды зерттейтін ғылым. Ал авиациялық орнитология – кейінгі жылдары ғана қалыптасқан сала. Қазір орнитологиялық білімімді авиациямен ұштастырып, мамандықты жан-жақты меңгеріп жүрмін. Тек әуежайларда қолданылатын ерекше сала, әрі барлық әуе айлағы орнитологтарды штатқа ала алмайды. Біздегі үлкен халықаралық әуежай болғандықтан, арнайы орнитологтар тобы болуы керек. Ал күніне үш-бес рейс қана қабылдайтын шағын әуежайларда бұл міндетті өзге қызметкерлер қоса атқарады», – дейді Айдос Айдарұлы.

Кейіпкеріміздің айтуынша, Алматы халықаралық әуежайының маңында көбіне көгершіндер, қарғалар, сауысқандар, сарыжағал қараторғайлар және жыртқыш құстар, соның ішінде жамансары мен қара кезқұйрық кездеседі. Орнитологтардың жұмысы тәулік бойы үзілмейді. Күндізгі кезекшілік таңертең сағат 8.00-де ауысымды қабылдап алғаннан кешкі 20.00-ге дейін жалғасса, одан кейін түнгі ауысымдағы мамандар қызметке кіріседі.

Кезекші орнитологтармен әңгімелесу кезінде қолынан шағын журнал мен планшетті байқадық. Мамандар дүрбімен айналаны бақылап жүр. Әр 15–30 минут сайын сол журнал мен планшетке құстардың түрін, санын, қай секторда жүргенін, қай бағытқа ұшқанын және қанаттыларды үркітуге қандай құрал қолданылғанын тіркеп отырады екен.

Біз барған сәтте сағат тілі 10.52-ні көрсетіп тұр. Сол тұста орнитологтар әуе кемелеріне кедергі келтірген бір топ торғай мен сауысқандарды байқапты.

«Ыңғайлы болуы үшін аэродром алаңын арнайы секторларға бөліп алғанбыз. Әр қызметкердің қолында сызба сызылған бір парақ болады. Сондағы мәлімет бойынша статистика жасаймыз. Әуежай маңында қандай құстардың көбейгенін, оларды не нәрсе елітіп тұрғанын анықтаймыз. Соған қарай құстарды азайту жолдарын қарастырамыз. Мысалы, аумақта ірі жыртқыш құстар жүрсе, демек тышқандар пайда болған. Мұндайда құстарды емес кеміргіштерді жоюға кірісеміз», – деді аға орнитолог.

Орнитологтармен бірге әуежай айлағының қоршауларын да тексеріп шықтық. Әсіресе, шығыс және батыс жағындағы ауылдық, егіншілік аймақтардан малдың, қаңғыбас иттердің, шибөрі мен қарсақтың кіріп кетпеуі қадағаланады. Қоршау тесілсе, бірден жөндейді.

«Сонымен қатар, әуежай айналасындағы 13 шақырымдық бақылау аймағы айына бір-екі рет тексеріледі. Қоқыс орындары, базарлар, мал сою орындары, егін алқаптары, жем қоймалары мен көлдерді тексереміз. Құстар шоғырлануы мүмкін аймақтар анықталса, жергілікті әкімдіктерге ресми хат жолдаймыз», – дейді ол.



Құстан келетін қауіп

Көктем мен күзде орнитологтардың жұмысы қыза түседі. Өйткені, осы екі мезгілдегі маусымдық көші-қон кезінде әуежай маңында құстардың қозғалысы күрт артады. Ал жазда ұядан енді шыққан балапандар қанатын қатайтып, ұшуды үйренетін шақта қанаттылардың қатары толығып, әуеайлағында қауіп көбейеді.

Құстарды үркіту үшін әртүрлі тәсіл қолданылады. Әуежайда «Сигнал охотника» пиротехникалық құралы мен 12-калибрлі тегіс ұңғылы қару бар. Ұшу-қону жолағының екі шетіне үш-үштен және ортасына үш стационарлық биоакустикалық қондырғы орнатылған.

«Құстар биоакустика мен стационарлық құралдарға тез үйренеді, сондықтан балапандар ұядан шығып, қанаттарын қатайта бастаған кезде, құс көбейген шақта ғана бір-екі аптаға қосып, кейін өшіреміз. Жыл сайын құстардың мінез-құлқы мен қорегі өзгереді, сондықтан әр құсқа арналған дыбыс жазбасы бар», – деді кейіпкеріміз.

Иә, қызметтік көліктердің үстінде әртүрлі құстардың дауысын шығаратын мобильді биоакустикасы бар дыбыс шығарғыш орнатылған. Орнитолог алдымен қандай құс екенін анықтап, соған сай дауысты қосады. Жыртқыш құстардың макетін, айналы шарлар, түнде және тұманда шөп пен ағаш арасындағы құс немесе ит пен мысықты көрсететін тепловизор, ұшу жолақтары мен перрондарда қолданылатын құрылғы, іздеу шамы және лазерлік құралдар пайдалады. Ұшу-қону жолағы рейс аз кезде әр екі-үш сағат сайын тексеріледі. Құспен соқтығысу жағдайы тіркелсе, борт конфаннан кейін мамандар әуе кемесі мен жолақты тексереді: өлексенің бүтін денесі табылса, түрін анықтап, актіні толтырады, ал қауырсын немесе қан ізі қалса, арнайы қолғаппен алып, серіктес Микробиология және вирусология ғылыми орталығына ДНҚ сараптамасына жібереді.

«Құстарды мүлдем жоқ қылып жібереміз деп айта алмаймыз. Біздің мақсат – әуе апатына жол бермеу, құстар мен ұшақтар арасындағы қауіпті азайту. Жұмысымыздың нәтижесінде ұшақтар қауіпсіз ұшып, діттеген жеріне аман жетсе, біз үшін одан асқан қуаныш жоқ. Оған үлес қосу – үлкен жауапкершілікәрі мақтаныш», – деді аға орнитолог.

Алматы орнитологтарының жұмысымен танысып жүріп, тарихтағы ең ғажайып әрі сирек оқиға есімізге түсті. 2009 жылы 15 қаңтарда Нью-Йорк әуежайынан әуеге енді көтерілген ұшаққа бір топ қаз қарсы ұшып, қозғалтқыштарына кіріп кетеді. Екі бірдей қозғалтқышы істен шыққан ұшақты Гудзон өзенінің бетіне сәтті қондырып, борттағы барлық 155 жолаушыны аман алып қалған командир Чесли Салленбергердің шеберлігін әлемдік БАҚ жарыса жазды. Авиация тарихында мұндай жағдай тым сирек. Ғажайыпқа сенгеннен гөрі, қауіптің алдын алған әлдеқайда жақсы. Ал біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз дәл осы қағидамен жүретініне көзіміз жетті...

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Жансар МАРАТҰЛЫ.

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

ТОЙ МӘДЕНИЕТІ ҚАЙТСЕК ТҮЗЕЛМЕК?

Халқымыз үшін той қашан да шаттықтың, татулықтың, берекелі бастың қосудың бір көрінісі. Алайда, соңғы жылдары қоғамда той өткізу мәдениетіне қатысты алаңдатарлық мәселелер де жоқ емес. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен еліміздегі дін қызметкерлері осы мәселеге ерекше назар аударып, жер-жерде халық арасында түсіндіру іс-шараларын жүргізуде. Бұл ретте той тізгінін ұстаған асабалардың да көмегі ауадай қажет.



Бір ғұламаның: «Біз жаназа рәсімі марқұмнан маңызды, адамның сыртқы көрінісі ақылынан маңызды, ал үйлену тойы шынайы махаббаттан маңызды болған заманда өмір сүріп отырмыз...» деген сөзі бүгінгі заманымыздың шындығына айналып отырғаны қынжылтады. Кейбір жағдайда тойдың негізгі мақсаты екінші орынға ысырылып, оның орнына бәсеке, даңғаза, ысырапшылдық пен орынсыз мақтан алға шығып барады.

Бұл тұста елде жоқ даңғазалыққа жол беретін, той өткізушіге соны ұсынатын той ұйымдастыру орталықтарының да ықпалы бар десек, артық айтқандық емес. Елді таңқалдыру үшін идея іздейді, оны табу үшін ғаламторға үңіледі. Дәстүрімізге сай дүниені ойлап тапқаннан гөрі шетелдіктер жасаған дайын дүниені көшіріп жасай салған оңай боп тұрады. Егер ізденсе, салт-дәстүрлерімізді дұрыстап зерттесе, тойда жаңалық болатын көп дүниелерді жасауға болады. Бұған да білім керек. Іздену керек.

Қазіргі тойда жиі кездесетін мәселелердің тағы бірі – ысырапшылдық. Қонақтардың санына шаққанда шамадан тыс тағам әзірлеу, желінбеген астың қоқысқа тасталуы, той мәзірінің жарысқа айналуы – өкінішті жағдай. Кейде дастарханның молдығы үй иесінің мәртебесін көрсететін өлшем секілді қабылданады. Алайда, қазақтың қонақжайлығы ысыраппен өлшенбеген.

Сондай-ақ, соңғы уақытта тойлардың мазмұнына қатысты да ойланатын тұстар бар. Кейбір ойын-сауық бағдарламаларында артық әзіл, әдепсіз сөз, адамның ар-намысына тиетін әрекеттер кездеседі. Жас-жұбайларды немесе қонақтарды ыңғайсыз жағдайға қалдыратын ойындар мен орынсыз қалжыңдар тойдың тәрбиелік сипатына нұқсан келтіруде. Айталық, қонақтардың сырт келбетіне, киіміне, мансабына, мамандығына, жасына немесе салмағына қарап оларды әжуалау, артық қалжың айту. Сондай-ақ, асаба тарапынан қарапайым мамандық пен кәсіп иесін әжуалау сынды әрекеттер де жиі байқалады. Өз кезегінде бұл жастарды болашақта қарапайым мамандықтарға шекеден қарауға жол ашуы мүмкін. Неге? Өйткені, ол ертең осындай тойларда күлкіге қалғысы келмейді.

Екіншіден, ойынға шыққан адамның абыройын түсіретін, елге күлкі ететін әрекеттер жасауына мәжбүрлеу. Мысалы, билей алмайтынын көріп тұрып, оны билеуге мәжбүрлеу, т.б. Үшіншіден, салт-дәстүрімізге сай келмейтін арсыз, ұятсыз ойындар мен конкурстар ұйымдастыру. Төртіншіден, тілек айтып тұрған қонақтың сөзін орынсыз бөлу, асықтыру немесе асабаның тым ұзақ сөйлеуі. Бесіншіден, той иелері мен жастарды басты назарда ұстаудың орнына асабаның тойды өз концертіне айналдырып жіберуі.

Алтыншы, ұлттық немесе отбасылық құндылықтарды арзан күлкіге айналдыру. Мысалы, «бала туудан басқа немен айналысып жатсыңдар» деп қалжыңдауы да орынсыз. Жетінші, асыл дінімізде қасиетті саналған құндылықтарды (Құран, мешіт, медресе, қажылық, жұма күні, Рамазан айы, Қадір түні, құрбан шалу, шапан, тақия, молда, т.б.) күлкіге айналдырмау. Сегізінші, жігіт жолдасты немесе басқа да туыстарын демеуші боласың деп қинауы. Мұндай жағдайда ол адамдар ыңғайсыз жағдайға түсіп қалмасы үшін алдын ала ескерткені жөн. Тоғызыншы, беташарда қайта-қайта ақша салуы үшін қонақтың намысына тиюі. Бұл да орынсыз деп білеміз.

Жоғарыда аталған мәселелер – кемшіліктерді тізімдеу емес. Біздің ниетіміз – қазақтың торқалы тойын қолдан келгенше мазмұнды, ғибратты өткізуге мейлінше үлес қосу. Өкінішке қарай, «елден қалмайық» деген түсінік көптеген отбасының қаржылық қиындыққа ұшырауына себеп болуда. Кейбір ата-аналар баласының бақыты үшін емес, жұрттың сынына қалмау үшін қарыз алады. Адамның өзіне шамадан тыс ауыртпалық жүктеуі дін мен дәстүріміздe құпталмайды.

Той тек көңіл көтеретін жиын емес, ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, дін мен дәстүр құндылықтарын бойына сіңіретін маңызды сәттің бірі. Тойда жастар үлкенді сыйлауды, туыстық қатынасты, ізеттілікті, бата алуды, ұлттық салт-дәстүрді көреді. Сондықтан тойдың бағдарламасы да тәрбиелік мазмұнда болғаны абзал. Бұған той иесі мен асаба көбірек мүдделі болса дейміз. Жуырда белгілі актер Бекжан Тұрыстың отбасындағы үлкен қуаныш – Мағжан бауырымыздың үйлену тойындағы «Жар-жардың» айтылуы қоғам тарапынан жылы қабылданды. Сол секілді, көрімдік алу, сыбаға ұсыну, үлкендердің ақ батасын алу сынды дәстүрлерімізді той-томалақта жаңғыртсақ қандай жарасымды болмақ.

Келесі мәселе – тойдың уақытында бастау. Қазір той-томалақ көп. Бірақ біз әлі де уақытымызды үнемдеуді үйренген жоқпыз. Той шақыруында жазылған уақытта тойдың басталмайтынын той иесі де, қонақтар да жақсы біледі. Адам үшін ең қымбат дүние – уақыт. Уақытқа құрмет етуде қоғамдық мәдениетке саятын мәселе екені анық.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бір сөзінде: «Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік» деген еді. Той-жиындарды тәрбие алаңы ете алсақ, көптеген мақсаттарымызға қол жеткізіп, тойға келушілерге ой салар едік. Біздің мақсат – той бағдарламасында әдеп пен тәрбиеге қайшы келетін әрекеттерді барынша тежеп, мазмұнды әрі мағыналы іс-шараларға басымдық берілсе деген ізгі бастама. Той уақытын тиімді ұйымдастыру, қонақтардың уақытын құрметтеу, тойшыл қауымның қызметіне, лауазымына, жүріс-тұрысына қарап алаламау, әжуаламау сынды маңызды мәселелерге назар аударсақ, нұр үстіне нұр.

Ең бастысы, тойды отбасы, дәстүр құндылықтарын дәріптейтін, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсететін, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосатын ортаға айналдыра алсақ ұтарымыз көп болмақ. Ата-анамен, бала-шағамен барғанда ұялмай отыратын мәнді де мағыналы той ұйымдастыра алсақ, бұл тек бір отбасының қуанышы ғана емес, қоғамның рухани мәдениетінің өскені болмақ.

Төлеби ОСПАН,
Алматы қаласының Бас имамы.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ЕСТИТІН МЕМЛЕКЕТ»

ВИДЕОКОНТЕНТ ТЕ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ

Бүгінде әлеуметтік желіде жарияланған бір жазбаның өзі мыңдаған адамның назарын аударып, оның оң шешілуіне түрткі болуы мүмкін. Әсіресе, қаладағы көше тазалығы, жолдардың жай-күйі, аулаларды абаттандыру, қоғамдық орындардың күтімі сияқты күнделікті мәселелерді көпшілікке жеткізуде блогерлердің ықпалы зор.



Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану мақсатында Бостандық ауданының әкімдігі блогерлер мен әлеуметтік желі қолданушыларына арналған «шеберлік сабағын» өткізді. Өзгеше форматтағы кездесуде әлеуметтік желі арқылы тұрғындардың мұң-мұқтажын жеткізу, ауданның өзекті мәселелерін көтеру және олардың шешілуіне ықпал ету жолдары талқыланды.

«Шеберлік сабағына» өзі бас болып қатысқан Бостандық ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков әлеуметтік желіде көтерілген мәселелерге назар аударып, блогерлермен және тұрғындармен байланысты нығайту қажеттігін атап өтті.

«Бүгінде блог жүргізудің бағыттары көп. Бірі қоғамдағы кемшіліктерді көрсетсе, енді бірі пайдалы бастамаларды қолдап, оң өзгерістерге жол ашады. Біз блогерлермен тығыз байланыс орнатып, әлеуметтік желіде көтерілген мәселелерді назардан тыс қалдырмауға ниеттіміз. Тұрғындардың өтініштерін дер кезінде біліп, оларды шешу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек», – деді Азамат Қалдыбеков.

А.Қалдыбековтің айтуынша, әкімдікке мыңдаған оқырманы бар танымал инфлюенсерлер ғана емес, өз ауласын, шағынауданын және көршілерінің күнделікті мәселелерін жақсы білетін авторлар да қажет. *Бізге тек мақтай беретін блогерлер қажет емес. Біз авторлардың тексерілген ақпаратты объективті түрде жеткізгенін қалаймыз»,* – деді аудан әкімі.

Айтпақшы, бұл «шеберлік сабағы» қала бойынша тек аталған ауданда ғана құрылған, ақпараттық ашықтық, медиасауаттылық және қоғамдық бақылау үштағанын біріктіретін, БАҚ-пен, блогерлермен және әлеуметтік желілердегі тұрғындармен байланыс орнататын медиаорталық аясында өтті. Медиаорталық алдағы уақытта шағынаудандардағы қолданыстағы жергілікті парақшалар мен чаттарды да біртұтас коммуникациялық ортаға біріктіруді көздейді. «Шеберлік сабағында» халықаралық жобаларда жұмыс істейтін алматылық жас fashion-модель әрі блогер Рахат Сайранбек те мінберге шықты. Ол блог жүргізуге жеңіл-желпі емес, толыққанды жұмыс ретінде қарау қажеттігін айтты. Парақшаны дамыту үшін тұрақтылық және өз аудиторияңды түсіну маңызды деді ол. Ал белгілі мобилограф Айбек Аманов жиналған қауымға қолымыздағы алақандай телефонмен қалай жақсы, тартымды видеоконтент түсіруге болатыны туралы тарқатты. Жалпы, дәріс оқығандар жеке брендті дамытуға арналған платформалар қатарында Instagram, YouTube және Threads әлеуметтік желілерінің алдыңғы орында екенін айтып отыр.

«Шеберлік сабағынан» кейін қатысушыларға өз идеяларын жүзеге асыру ұсынылды. Яғни ұйымдастырушылар аудан өмірін танытатын шығармашылық байқау жариялады. Қатысушылар Бостандық ауданының көрікті жерлері, жайлы аулалары, сүйікті орындары немесе назар аударуды қажет ететін мәселелері туралы бейнеролик түсіріп, не бірнеше stories жариялай алады. Байқау жұмыстары арнайы хештегтермен көрсетіліп, Бостандық ауданы әкімдігінің ресми парақшасы белгіленуі тиіс. Жеңімпаздар бір аптадан кейін анықталады. Үздік жұмыстардың авторларына демеушілер атынан бағалы сыйлықтар табысталады.

Бұл бастаманың мақсаты – тұрғындардың туған ауданының тыныс-тіршілігіне белсене араласуына мүмкіндік беру. Яғни әрбір тұрғын өзіне жақын мәселені көтеріп, оның шешілуіне атсалыса алады. Ал әлеуметтік желідегі орынды жазба сол мәселенің жауапты мекемелерге жетуіне жол ашады.

Нұржамал ӘЛІШ.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ЕГІЗДЕРДІҢ ӘЛЕМІ

Алматыда жыл басынан бері 603 егіз және 6 үшем дүниеге келді. Әрине, екі сәбиді қатар өсірудің өзіндік қиындықтары бар. Ежелден қазақы таным егіздерді ырысқа, аса сый нығметке, жақсылыққа балайды. Ең қызығы, егіздерді көргенде көпшіліктің көкейінде «Қайсысы үлкен?», «Қайсысы ақылды?», «Екеуі бір-біріне қатты ұқсайды екен» деген сыңайлы сұрақ туады. Ал ата-ана үшін егіздердің дүниеге келуі бір мезетте екі баланың қуанышы ғана емес, екі түрлі мінезді, екі түрлі қажеттілігі бар тұлғаны қатар тәрбиелеу. Бұның оңай емес екені, тағы да анық.



Егіздердің бір-бірімен ерекше жақын болуы – олар өмірінің алғашқы күндерінен бастап бір-бірінің жанында өседі. Бірге ойнайды, бірге тамақтанады, бір ортада тәрбиеленеді. Сондықтан олардың арасында өзгелер бірден түсіне бермейтін қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін. Кейбір егіздер бір-бірінің көңіл күйін, қимылын немесе әдетін ата-анасынан бұрын байқайды. Біреуі жыласа, екіншісі де мазасыздануы мүмкін. Бірінің бастамасын екіншісі қайталауы ықтимал. Мұны кейде халық арасында «егіздердің ерекше байланысы» немесе «егіздердің бір-бірін сөзсіз түсінуі» деп сипаттайды. Алайда, бұл міндетті түрде тылсым құбылыс дегенді білдірмейді. Бірге өскен екі баланың бір-бірінің қимылын, дауысын, әдетін және реакциясын жақсы тануы табиғи нәрсе.

Бір құрсақтан шыққан екі тағдыр егіздерді әрқайсысын жеке тұлға ретінде тәрбиелеу үлкен жауапкершілік. Өйткені, бір отбасында бір күнде екі сәбидің дүниеге келуі, ол отбасының өмірін түбегейлі өзгертеді. Екі сәби бірге өседі, бірге алғашқы қадам жасайды, бір-бірінің серігіне айналады. Олар бір жаста, көбіне сырт келбеті ұқсас, ортақ ортада тәрбиеленгені олардың бір адам екенін білдірмейді. Керісінше, егіздерді бір отбасының екі баласы ретінде емес, екі жеке тұлға ретінде қабылдау керек.

Десек те, егіздердің бәрі бірдей емес көрінеді, зерделеп қарасақ, екі негізгі түрі бар екен. Сондықтан сыртқы ұқсастыққа қарап қана егіздің түрін анықтау әрдайым мүмкін емес. Медициналық тұрғыдан бұл мәселені жүктілік барысындағы хорион мен амнион ерекшеліктері, ал кей жағдайда ДНҚ-тест нақтылауы мүмкін. Бірақ ата-ана үшін бұдан да маңыздысы «олар бір-біріне қаншалықты ұқсайды?» емес, «әрқайсысының ерекшелігі қандай?» Сондықтан сыртқы ұқсастыққа қарап егіздердің табиғатын анықтау әрдайым мүмкін емес. Біржұмыртқалы егіздердің өзінде уақыт өте келе бет әлпеті, дене ерекшеліктері, қызығушылығы мен мінезіндегі айырмашылықтар айқындала түседі. Сосын, көбіне егіздердің мінезі әртүрлі болады.

– Кейде ата-аналар егіздердің біреуі ашық мінезді, екіншісі тұйық екенін, бірінің музыкаға, екіншісінің спортқа қызығатынын байқайды. Бұл қалыпты жағдай. Балаға оның генетикалық ерекшелігі ғана емес, қоршаған орта, қарым-қатынас, тәжірибе, денсаулық, тамақтану және күнделікті өмірдегі жеке оқиғалар да әсер етеді. Ғылыми түсіндіру бойынша, тіпті біржұмыртқалы егіздердің өзі уақыт өте келе әртүрлі мінез бен қызығушылық қалыптастыра алады. Сондықтан «екеуі егіз болғандықтан бірдей болуы керек» деген түсінік дұрыс емес. Бірі адамдармен тез тіл табысуы мүмкін. Екіншісі ұзақ бақылап барып қарым-қатынасқа қосылады. Бірі жаңа ортаға бірден бейімделсе, екіншісіне уақыт қажет болуы мүмкін.

Бұл жерде ата-ананың міндеті олардың айырмашылығын жою емес, сол айырмашылықты қабылдай білу», – дейді акушер-гинеколог Айжан Мұсақұлқызы.

Егіздерді бірдей киіндіру сырт көзге сүйкімді көрінгенімен, балалар өскен сайын олардың жеке таңдауын ескерудің маңызы артады. Сондықтан педиатриялық кеңестерде егіздердің жеке тұлғалығын қалыптастыру үшін әр баланың өз заттарын, жеке қызығушылығын және жеке кеңістігін ажыратуға мүмкіндік беру ұсынылады. Мысалы, киімінің түсін, сөмкесін, тіс щеткасын немесе жеке заттарын ажырату баланың түсінігін қалыптастыруға көмектеседі. Бір-бірімен үнемі бірге өскен соң, балалардың арасында өте тығыз байланыс қалыптасуы мүмкін. Олар бір-бірінің қимылын, дауысын, әдетін жақсы таниды. Бірінің көңіл күйіндегі өзгерісті екіншісі ата-анадан бұрын байқауы да мүмкін.

Мамандардың айтуынша, ең үлкен қателік – егіздерді бір адамдай тәрбиелеу екен. Көбіне егіздердің ата-анасына екі баланың қажеттілігін қатар қамтамасыз ету қиынға соғып жатады. Екі бала бір мезгілде жылайды, бір уақытта тамақ сұрайды, бірдей ойыншыққа қызығады. Кейін мектеп жасына келгенде екеуінің үй тапсырмасы, үйірмесі, достары мен қызығушылықтары пайда болады. Сондықтан ата-анаға уақытты да жеке бөлу маңызды.

Рая ЕСКЕНДІР.
(Сурет: ЖИ).

ИНКЛЮЗИЯ

Ым-ишарадағы ән мен әлем

Қалада «Шығармашылық тілі. Тең мүмкіндіктер кеңістігі» ұранымен IV республикалық «DEAF MADE – 2026» инклюзивті фестивалі өтті.



Байқау еліміздің әр өңірінен келген есту қабілеті бұзылған талантты жастарды, студенттерді, педагогтерді, шығармашылық ұжымдардың өкілдерін және инклюзивті білім беру мен тең мүмкіндіктерді қолдайтын барша қауымды қауыштырды

– *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында инклюзивті білім беру инфрақұрылымын дамытып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастарға қолайлы жағдай жасауды тапсырған болатын. Бүгінгі «DEAF MADE» фестивалі осы бастамалардың нақты көрінісі әрі студенттеріміздің талантын дәлелдейтін үлкен мүмкіндік. Алматы технология және флористика колледжі жанындағы Инклюзивті білім беру ресурстық орталығы жастардың шығармашылық тұрғыдан дамып, қоғамға еркін араласуына барлық жағдайды жасап отыр. Ең бастысы, біздің балалар өздеріне деген сенімділікті сезініп, ешкандай кедергісіз өнер көрсете алады,* – дейді Алматы технология және флористика колледжі директорының міндетін атқарушы Лаура Жармұхамбетова.

Биылғы фестивальге жеті команда қатысып, 50 студент пен 19 оқытушы өнерін ортаға салды. Ал Шымкент, Ақтау және Талдықорған қалаларының командалары байқауға онлайн-форматта қатысты. Фестиваль бағдарламасында шығармашылық қойылымдар, сән топтамалары мен этнодизайн көрсетілімі, би нөмірлері, ым тіліндегі әндер, бейнероликтердің таныстырылымы, авторлық және қолдан жасалған бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Шығармашылық номинациясында «Дари добро», «Рухты ару» секілді әндерді ым тілінде орындаған жастарға қуана қол соқтық. Музыка ырғағынан қалмай шебер билеген қыздардың да өнері көпті тәнті етті. Ал көрмеден жүннен, ағаштан, темірден жасалған түрлі әдемі туындыларды тамашаладық. Біз музыканы естиміз, ал есту қабілеті бұзылған балалар оны жүрекпен сезінеді. Біз әннің әуенін тыңдаймыз, ал олар оның мағынасын ыммен жеткізеді. Біз ырғаққа құлақ түрсек, олар тербелісті сезініп, сол ырғақпен қозғалады. Бірі бояумен сөйлейді, бірі қолөнермен ойын жеткізеді, енді бірі сахнада биімен таңғалдырады. Олардың әлемінде үнсіздік шығармашылыққа кедергі емес. Керісінше, ол – өзіндік өрнегі бар ерекше әлем. Бұл фестивальдің айтпағы осы.

Фестиваль қорытындысында «Біздің бренд» номинациясының 1-орнын Алматы технология және флористика колледжі иеленді. «Овация» хореографиялық өнер номинациясының 1-орнын Алматы сервис және технологиялар колледжі жеңіп алды. Ал «Заманауи этностиль» номинациясының 1-орны Алматының №5 арнайы (түзету) мектеп-интернатының командасына бұйырды. Жеңімпаздарға фестивальдің жеке медалі табысталды. Екінші және үшінші орын жеңімпаздары да марапатқа ие болды. Фестивальді Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен Алматы технология және флористика колледжі ұйымдастырды.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ФУТБОЛ

Тең мүмкіндіктер турнирі

Алматыда В1 санатындағы көру қабілеті ішінара немесе толықтай жоғалған спортшылар арасында алғашқы халықаралық футбол турнирі өтті.

«Қайрат» футбол клубының Тимур Сегізбаев атындағы академиясында өткен Friendly Cup халықаралық турнирі Қазақстан, Өзбекстан және Чех Республикасының командаларын біріктірді. Жарыс барысында әр команда айналмалы жүйе бойынша 2 ойын өткізді. Нәтижесінде жеңімпаздар анықталды. Айта кететіні – турнирдегі ойындар нәтижесі командалардың халықаралық рейтингіне әсер етеді.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Паралимпиада комитетінің вице-президенті Бақыт Сапаров және «Қайрат» ФК бас директоры Асқар Есімов қатысушыларға сәттілік тіледі. Ал Blind футболдан Қазақстан құрамасының бас бапкері Анатолий Антипин Friendly Cup турнирі халықаралық байланыстарды дамытып, қазақстандық спортшыларға өз алаңында шетелдік қарсыластармен кездесуге мүмкіндік бергенін атап өтті. Оның айтуынша, турнирдің Алматыда өтуі – Қазақстандағы футболдың осы бағытын дамытуға жаңа серпін берді.

Ел құрамасының капитаны Қанат Ахымбаев Blind футбол ережелерін түсіндіріп, турнир туралы әсерімен бөлісті.

– *Әр командада 5 ойыншы болады. Төртеуі алаңда ойнайды және біреуі қақпада тұрады. Қақпашының көзі көреді. Ал алаңдағы ойыншылар бәрінің мүмкіндігі тең болуы үшін көзді жауып тұратын маска тағады. Допты есту және сезу үшін оның ішінде шылдырлақ болады. Ойын кезінде доппен жүрген адам ғана сөйлемесе болады, өйткені оның аяғындағы доп шылдырлайды. Қалған ойыншылардың бәрі міндетті түрде «вой» деп айтуы керек. Испан тілінен аударғанда «келе жатырмын» дегенді білдіреді. Матч 20 минутттан 2 тайм болады,* – деді Қанат Ақымбаев.

Сонымен қатар, ол қарсыластың қақпасының артында ойыншыларға дауыстап бағыт-бағдар беріп тұратын гид болатынын атап өтті. Одан бөлек алаң ортасынан борттың сыртында тұрған бапкер де нұсқаулық айтады. Ал қорғаныста қақпашы ойыншыларға кеңес береді.

Қанат Ақымбаевтың айтуынша, Blind футбол елімізде «Қайрат» футбол клубында әлеуметтік жобасы ретінде басталған. Кейін 2022 жылдың желтоқсан айында футболдың бұл бағытынан ұлттық құрама жасақталды. Сол уақыттан бері команда көптеген жарыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Мәселен, ел футболшылары 2025 жылы Польшада өткен Еуропа чемпионатында қола жүлде жеңген. Жалпы 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы әлемдік рейтингте 80 елдің арасынан 23-орын алды. Сондай-ақ, биыл зағип спортшылар АҚШ-та өткен Friendly Cup турнирінде жеңіске жетті.

Елімізде алғаш рет ұйымдастырылған халықаралық турнир нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасы күміс жүлдегер атанды. Бір қызығы, отандастарымыз төрт матчтың ешқайсысында жеңіліс тапқан жоқ әрі өз қақпасына бірде-бір гол жібермеді. Өзбекстанға қарсы екі ойын 0:0 есебімен аяқталды, ал Чехияны 4:0 жән 2:0 есебімен жеңді. Өз кезегінде Өзбекстан Чехияны 6:0 және 1:0 есебімен екі рет жеңді. Орталық Азияның командалары 8 ұпайдан жинады. Бірақ доп айырмасы бойынша Өзбекстан (+7) бірінші орынға, Қазақстан (+6) екінші орынға тұрақтады. Үшінші орынды Чехия құрамасы иеленді.

Досбол АТАЖАН.

МАМАН МІНБЕРІ

БӨБЕКТІҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН



***В**вирустық гепатит – бауыр жасушаларын зақымдайтын кесел. Оның басты қаупі – жұқпалы және сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады. Уақыт өте келе созылмалы В гепатиті бауыр циррозы мен бауыр обыры сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. Бұл ауруға қарсы екпе жаңа туған нәрестеге перзентханада салынады. Неге? Осы және өзге де сауалдарымызды №28 қалалық емхананың Даму және ерте араласу орталығы бөлімшесінің меңгерушісі Зарина СЕРІККЫЗЫНА қойдық.*

– Бұл вирус қалай жұғады? Көпшілік тек қан арқылы немесе медициналық мекемелерде ғана жұғады деп ойлайды.

– Вирус негізінен қан және басқа да биологиялық сұйықтықтар арқылы беріледі. Сонымен қатар, ортақ ұстара, тіс щеткасы сияқты жеке гигиена заттарын пайдаланғанда, сондай-ақ зарарсыздандырылмаған құралдармен татуировка немесе пирсинг жасатқанда жұғуы мүмкін. Тағы бір назар аударатын мәселе – инфекция жұқтырған анадан босану кезінде балаға берілуі.

– Сондықтан В гепатитіне қарсы алғашқы екпе перзентханада жасала ма? Ата-аналардың жаңа туған нәрестеге бұл екпе ауырлық етпей ме деп алаңдайтыны жасырын емес.

– Дұрыс айтасыз. Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес, В гепатитіне қарсы вакцинаның алғашқы дозасы бала дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 12–24 сағат ішінде, ал келесі дозалары 2 және 4 айлығында салынады. Өмірдің алғашқы тәулігінде вакцинация жүргізудің маңызы зор. Себебі, ол нәрестені босану кезінде болуы мүмкін инфекция жұқтыру қаупінен қорғауға көмектеседі. Қазіргі заманғы вакцина рекомбинантты, яғни құрамында тірі вирус жоқ және ауру тудырмайды. Ол баланың иммундық жүйесінде вирусқа қарсы қорғаныс қалыптастыруға көмектеседі.

– Жаңа туған сәби бұл екпені қалай көтереді және қандай қарсы көрсетілімдері бар?

– Көп жағдайда вакцина жақсы көтерімді. Кейде екпе салынған жер аздап қызаруы, ауырсынуы немесе дене температурасының қысқа мерзімге көтерілуі мүмкін. Вакцинация алдында баланы міндетті түрде медицина қызметкері тексереді. Жедел немесе созылмалы аурулардың өршуі кезінде екпе уақытша кейінге қалдырылуы мүмкін. Қарсы көрсетілімдерді дәрігер әр балаға жеке анықтайды.

– Ал бала кезінде екпе алмаған ересектерге вакцинация жасау қажет пе?

– Әрине, қажет. Әсіресе, медицина қызметкерлері, белгілі бір медициналық араласулар жоспарланған пациенттер және инфекция жұқтырған адаммен байланыста болғандар үшін вакцинацияның маңызы зор. Толық вакцинация курсы ұзақ мерзімді иммундық қорғаныс қалыптастырады.

– Күмәнданып жүрген немесе перзентханада екпеден бас тартатын ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Мен ата-аналарға әлеуметтік желідегі тексерілмеген ақпараттарға емес, ғылыми дәлелдерге және медицина мамандарының ресми ұсынымдарына сүйенуге кеңес беремін. Вакцинациядан бас тарту баланы болашақта ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін қауіпті инфекциядан қорғанусыз қалдыруы ықтимал. Вакцинация – В вирустық гепатитінің алдын алудың ең тиімді тәсілдерінің бірі. Баланың денсаулығына қамқорлық өмірінің алғашқы күндерінен басталады. Уақытылы вакцина алу – оның жарқын әрі салауатты болашағына жасалған маңызды қадам.

Сұхбаттасқан Нұржамал ӘЛІШ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Балаларға бағдар беретін сынып

Алматы қаласындағы Жалпы білім беретін мектептердің бірінде медициналық бағыттағы бейінді сынып ашылды. Жас жеткіншектерге кәсіби бағдар беруді көздейтін бұл жоба №203 мектеп пен Рузудиновтың Жоғары медициналық-стоматологиялық колледжі арасында ынтымақтастық негізінде жүзеге асып отыр.

Қаламыздағы білім сапасын арттыру бағытында 2026–2028 жылдарға арналған Кешенді жоспардың қабылдануы білім сапасын арттырудың бірнеше бағытын бір жүйеге біріктіреді. Құжатта білім беру сапасын жақсарту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім алушылардың нәтижелерін көтеру, инфрақұрылымды дамыту және кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру бағыттары қамтылған.

№203 мектепте медициналық бағыттағы бейінді сынып ашылуы осы бағыттағы жұмыстың практикалық жалғасы деуге болады. Сыныптың ашылуы кезінде тараптар мектеп пен колледж арасындағы байланысты жүйелі түрде дамыту, оқушылардың медицина саласына қызығушылығын арттыру және олардың болашақ мамандығын саналы таңдауына жағдай жасау мәселелерін талқылады.

Меморандумға профессор Рузуддинов атындағы Жоғары медициналық-стоматологиялық колледждің директоры, медицина ғылымдарының докторы Нұрмұхамет Рузуддинов пен №203 мектептің директоры Расима Дайрбаева қол қойды.

Бүгінде кәсіби бағдар беру жұмысының мазмұны өзгеріп келеді. Бұрын оқушыға мамандықтар туралы ақпарат беру, жоғары оқу орындары мен колледждер туралы түсіндіру негізгі тәсілдердің бірі болса, қазіргі жағдайда білім алушыға белгілі бір кәсіптің мазмұнын мектеп қабырғасында тәжірибелік тұрғыдан таныстыруға басымдық берілуде.

Бұл, әсіресе, медицина сияқты жауапкершілігі жоғары сала үшін аса маңызды. Өйткені, медициналық мамандықты таңдаған оқушы биология мен химия пәндеріне қызығушылық танытып қана қоймай, болашақ кәсібінің ерекшелігін, оған қойылатын талаптарды, медициналық қызметтің жауапкершілігін ерте түсінуі қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, ашылып отырған бейінді медициналық сынып жәй ғана қосымша сабақ өтетін орын емес. Ол оқушының пәнге деген қызығушылығын кәсіби бағдармен байланыстыратын білім беру алаңы. Меморандум аясындағы алғашқы кездесуге №203 мектептің 9 сынып оқушылары да қатысты. Олар колледждің білім беру ортасымен танысып, оқу кабинеттері мен кәсіби даярлық мүмкіндіктері туралы ақпарат алды. Осы арада «Медициналық сыныптың мүмкіндігі қандай?» деген нақты сауалдың туындауы сөзсіз.

Ең алдымен, мектепте медициналық бағыттағы бейінді сыныптың ашылуы оқушыларға таңдаған бағытын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушының жаратылыстану-ғылыми пәндерге қызығушылығы артып, медицина саласындағы мамандықтардың мазмұны туралы нақты түсінік қалыптасады. Бұған қоса, оқушы өзінің қабілеті мен қызығушылығын ертерек бағалай алады. Мектептегі білім мен колледждегі кәсіби даярлық арасында сабақтастық орнайды. Жалпы, медицина мамандығын таңдау бірнеше жылдық білім мен кәсіби даярлықты талап етеді. Сондықтан оқушының бұл шешімді мектеп бітірер кезде емес, жоғары сыныптарда ойланып, ақпаратқа сүйене отырып қабылдауы маңызды.





Рая ЕСКЕНДІР.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК



Тіліксіз жасалған күрделі ота

Алматылық дәрігерлер сирек кездесетін асқынуды еңсерді. Науқасқа орнатылған спираль жатыр қабырғасын тесіп өтіп, құрсақ қуысына түсіп кеткен. Дәрігерлер оны анықтап, алып шығу үшін гистероскопия мен лапароскопия әдістерін қатар қолданды.

Қаланың №2 клиникалық ауруханасына 30 жастағы әйел ішінің төменгі жағы, әсіресе жыныстық қатынас кезінде ауыратынын айтып, көмекке жүгінген. Кіші жамбас ағзаларына жасалған УДЗ кезінде дәрігерлер жатыр қабырғасының жатырішілік спиральдан тесілгенін анықтады. Медициналық құжаттарға сәйкес, спираль науқасқа биылғы сәуірде орнатылған. Ал асқыну арада бірнеше ай өткен соң белгілі болған. Мамандардың айтуынша, жатырішілік спираль орнату кезінде жатыр қабырғасының зақымдануы сирек кездеседі. Халықаралық клиникалық ұсынымдарға сәйкес, мұндай жағдай әрбір мың адамның шамамен бір-екеуінде ғана тіркеледі екен.

Дәрігерлер мәселені дер кезінде анықтап, науқасқа қажетті хирургиялық емдеу тәсілін таңдады. Мамандар жатырдағы бөгде денені лапароскопиялық әдіспен абайлап алып шықты. Содан кейін кіші жамбас ағзаларын қайта тексерді. Осылайша, күрделі хирургиялық міндет іш қуысын кеңінен тіліп ашпай-ақ шешілді.

«Жатыр қабырғасының тесілуі және жатырішілік спиральдың өз орнынан жылжып, құрсақ қуысына түсуі – сирек кездесетін, назардан тыс қалдыруға болмайтын асқыну. Мұндайда спираль жатыр қуысында емес, одан тыс жерде орналасуы мүмкін. Сондықтан оның нақты қай жерде жатқанын анықтап, қажетті тексеруді уақытылы жүргізу маңызды. Бұл жағдайда гистероскопия мен лапароскопияны қатар қолдану арқылы алдымен жатыр қуысының жағдайын бағалап, кейін жатырдан тыс орналасқан спираль бөлігін тауып, алып шықтық. Заманауи эндоскопиялық технология тіндерге түсетін зақымды азайтып, науқастың жағдайы мүмкіндік бергенде ауқымды хирургиялық отаның алдын алуға жол ашады», – дейді №2 қалалық клиникалық ауруханаының гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Алма Бексұлтанова.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қарашадағы
№4/636-1864 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 22 шілдедегі №34.2-34.04/1360-И хатының негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ахметов, Закарпатская көшелерін Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейін ұзарту арқылы реконструкциялау үшін Алматы қаласы, Түрксіб ауданында орналасқан 23 (жиырма үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кабинет болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімине берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қарашадағы
№4/636-1874 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтату туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабының 4-тармағына сәйкес және «Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 13 қазандағы №36.4-36.05/5389СЛ хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 20 тамыздағы №3/405-1356 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына сәйкес жүргізілетін жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі тоқтатылсын.

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 20 тамыздағы №3/405-1356 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысының күші жойылсын.

3. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) хабардар етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қарашадағы
№4/636-1875 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 145-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

145.	Ковалькова Татьяна Ивановна, Ильина Екатерина Валерьевна	20-311-027-212	Райымбек даңғылы, 338	0,0299

».

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-320:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 57-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

57.	Кушнаренко Владимир Васильевич	20-315-046-058	Арыков көшесі, 34/43	жалпы - 0,0632 үлесі - 0,0400 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0026

»,

реттік нөмірі 58-жол алынып тасталсын;

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1139:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 16-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

16.	Коломеец Татьяна Васильевна	20-312-039-165 (20-312-000-000)	Райымбек даңғылы, 496, 24 көлікжай	

».

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 22 мамырдағы №2/195-706:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 21, 22, 25-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 17-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

17.	Елямова Гульварям Молниязовна	20-317-105-251	«Қайрат» шағынауданы, Тұлпар көшесі, 2/8 учаске	Жалпы - 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0214

»,

реттік нөмірі 20-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

20.	Мажрунов Асамдун Низамович	20-317-105-332	«Қайрат» шағынауданы, Тұлпар көшесі, 23	Жалпы - 0,0600 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0151

»,

реттік нөмірі 98-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

98.	Жунисбеков Ерболат Нурланович, Ахметова Акерке Мухтаровна	20-317-107-1393	«Қайрат» шағынауданы, Сарыбұлақ көшесі, 2/1 учаске	0,0415

»,

реттік нөмірі 127-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

127.	Жиекбаева Галия Суртаевна, Жиекбаев Жалын Орынгалиевич	20-317-107-317	«Қайрат» шағынауданы, Көрімдік көшесі, 5, 4 пәтер	Жалпы - 0,4781 үлесі - 0,0162

».

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 21 қазандағы №4/636-1715:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1-4-жолдар келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

1.	Пірман Ақжол Алмазұлы	20-322-005-254	«Қалқаман-2» шағынауданы, Сейтметов көшесі, 35	Жалпы - 0,0900 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0018
2.	Есжанов Нұрсұлтан Абайұлы	20-322-005-1212	«Қалқаман-2» шағынауданы, Б.Нұрпейісов көшесі, 45	Жалпы - 0,0803 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0023
3.	Батырбеков Тагай	20-322-005-916	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 50А	Жалпы - 0,0796 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0020
4.	Слободенюк Любовь Ивановна	20-322-005-976	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 56	Жалпы - 0,0813 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0088

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қарашадағы
№4/636-1876 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №3/470-1177:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын.

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 22 мамырдағы №2/195-706:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 28-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

28.	Бабинцева Галина Ивановна	20-317-105-591	Д.А.Қонаев атындағы тұтынушы кооперативі, 490/1 учаске	Жалпы - 2,0000 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,6789

»,

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 23 қарашадағы
№4/636-1877 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 21 қазандағы №4/530-2126:

1-тармағының 2-тармақшасы алынып тасталсын;

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 25 желтоқсандағы №4/675-1637:

қосымшасындағы:

реттік нөмірі 23-жолмен келесі редакцияда толықтырылсын:

«

23	Ким Алина	20-315-046-011	Латиф Хамиди көшесі, 19, 7-пәтер	жалпы - 0,1006 үлесі - 0,0100

».

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-369:

қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

1	Бейсемолдаев Гани Карбаевич Жакыпова Жанна Баяхметовна	20-315-062-007	Құлжа тас жолы, 92 учаске	0,5600 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,3040

».

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1496:

қосымшасындағы:

реттік нөмірі 10-жолмен келесі редакцияда толықтырылсын:

«

10	Мальченко Валентина Владимировна	20-315-029-200	Панфилов көшесі, 280	0,0871

»,

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2026 жылғы 14 қыркүйектегі №3/405-1496:

қосымшасындағы:

реттік нөмірімен 23-жолмен келесі редакцияда толықтырылсын:

«

23	Дашаева Тамара Ахмедовна	20-315-029-575	11-Кірпіш зауыты көшесі, 60	0,0272

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

КӨҢІЛ АЙТУ

«Almaty Aqparat» ЖШС ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің бет қаттаушы-дизайнері, әріптесіміз Ақмөр Молдақұловаға әкесі

Бақыт МОЛДАҚҰЛДЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазпошта» АҚ Алматы филиалы – «Алматы пошта бөлімшесі» ардагерлер кеңесінің төрағасы Ысқақ Асан Ағабекұлына қарындасы

Мадина АҒАБЕККЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALMATY AQPARAT

Бас директор
Ержан ЖҮНІСОВ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.

8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.





ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР

БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ СӘЛЕМІ

Алматыдағы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында «Türkiye'den Esintiler» («Түркия самалы») атты музыкалық кеш өтті. Концертте түрік музыкасының таңдаулы туындылары орындалып, Қазақстан мен Түркияның өнерпаздары бір сахнада бас қосты.

Кешке Қазақстанның опера әншісі, сопрано Зарина Алтынбаева, Түркияның композиторы әрі дирижері Хасан Ниязи Тура, әнші Суат Кылыч және Төлеп-берген Әбдірашев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің музыканттары қатысты. Концерт барысында түрік музыкасының әсем әуендері орындалып, екі елдің ортақ мәдени мұрасы мен рухани жақындығы дәріптелді.

Музыкалық кештің ашылуында сөз сөйлеген Алматы қаласындағы Түркия Республикасының Бас консулы Тугба ханым Қазақстан мен Түркия арасындағы достық қарым-қатынастың тарихына тоқталды. Оның айтуынша, бауырлас елдер арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған кезден тартып екі елдің саяси, сауда-экономикалық, білім және мәдениет салаларындағы байланысы нығайып келеді. Ол сондай-ақ, екі халықтың тату достығының дәнекері болып ортақ тарих пен мәдени құндылықтар жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, қазақтың домбырасы мен түріктің сазы, қобыз бен өзге де ұлттық аспаптардың әуені бір тамырдан тараған рухани мұраның белгісі екенін айтты. Анадолы әндері мен қазақ даласының күйлері ғасырлар бойы ортақ мәдени сабақтастықты сақтап келе жатқанын жеткізді.

Кеш барысында Қазақстанның опера әншісі Зарина Алтынбаева да өз әсерімен бөлісті. Оның айтуынша, концертке дайындық ұзақ уақытты алған. Әнші түрік шығармаларын орындау алдында ерекше толқығанын, алайда көрермендердің ықыласы мен залдағы жылы атмосфера оған ерекше әсер сыйлағанын жеткізді.

«Біз Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрмен бірге түрік музыкасының тамаша туындыларын орындадық. Бұл шығармаларды ұзақ уақыт бойы дайындадым, сондықтан қатты толқыдым. Залда ерекше жылы атмосфера қалыптасты. Баршаңызға рахмет! Мен бұл кештен керемет әсер алдым. Осындай концерттер бауырлас елдерімізді жақындастыра түседі деп ойлаймын», – деді Зарина Алтынбаева.

Концертте Анкара мемлекеттік классикалық түрік музыкасы хорының өнерпаздары мен солист Суат Кылыч та өнер көрсетті. Хасан Ниязи Тураның дирижерлігімен орындалған шығармалар кештің мазмұнын байыта түсті.

Айта кетейік, концерттің өтуіне Buta Group компаниясы мен TÜKİB – Түрік-Қазақ бизнесмендер қауымдастығы қолдау көрсетті. Музыкалық кеш Қазақстан мен Түркия арасындағы ортақ тарих пен мәдени құндылықтарды өнер тілі арқылы танытып, екі халықтың рухани жақындығын тағы бір мәрте көрсетті.

Дастан ҚАСТАЙ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КИНОКЕҢІСТІК

«ГАУһАРТАСТЫҢ» кейіпкері – қонақта



Қазақ кино өнерінің көрнекті өкілі, актриса, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Жанна Қуанышева Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің арнайы шақыртуымен қонаққа келді.

Ол бізге, әсіресе, «Гауһартас» фильміндегі сұлу Салтанат бейнесімен жақсы таныс. «Мұра мен кино: ұрпақтар үндестігі» атты шығармашылық кездесуге Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және ТВ», «Өнертану», «Театр өнері» факультеттерінің студенттері қатысты. 30-дан астам кинофильмге түскен актриса жастармен ашық диалог орнатты.

Кездесудің басты мақсаты – жас ұрпақтың ұлттық тарихқа, мәдениетке, салт-дәстүр мен өнер мұрасына деген қызығушылығын арттыру, қазақ киносының қалыптасуы мен даму тарихын насихаттау, аға буын өнер өкілдерінің шығармашылық тәжірибесі арқылы ұрпақ сабақтастығын нығайту.



Іс-шара барысында студенттер назарына қазақ киносының алтын қорынан орын алған, Кәукен Кенжетаев, Әмина Өмірзақова, Әнуар Боранбаев, Кененбай Қожабеков сынды қазақ киносының корифейлері бой көрсеткен «Гауһартас» фильмінің үзіндісі ұсынылды. Экраннан Салтанат бейнесін сомдаған Жанна Шоракызының өнерін тамашалаған жастар фильмнің мазмұны мен көркемдік ерекшелігіне, кейіпкердің болмысына және туындының ұлттық мәдениетіміздегі орнына ерекше назар аударды. Ал Жанна Қуанышева өзінің өнер жолы, кино әлеміне алғашқы қадамы, «Қазақфильм» киностудиясында еңбек еткен жылдары мен шығармашылық өміріндегі қызықты естеліктерін бөлісті. Сондай-ақ, Салтанат рөлінің тарихына тоқталып, актрисалық мамандықтың қыр-сыры мен өнер жолындағы ізденістері туралы әңгімеледі.

Студенттер кездесуге белсенді қатысып, қадірлі мейманға қазақ киносының бұрынғы және қазіргі даму ерекшеліктері, актерлік шеберлік, кино өнеріндегі ұлттық құндылықтардың көрінісі және жас өнерпаздардың шығармашылық қалыптасуы төңірегінде сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.



– Мен бұл қонақжай шаңыраққа ылғи келемін. Ешбір шақыртуынан қалмаймын. Жаныма жақын. Бұл музейге бір жыл бұрын ғана келгенмін. Онда Кәукен Кенжетаевтың мерейтойына арналған тағылымды кештің қонағы болдым. Бұл жолы да өнерді сүйетін жастарды көріп, көңілім тасыды. Олардың қойған сұрақтарынан, ой-пікірлерінен-ақ өз саласын дұрыс таңдағанын сезіндім. Олар өнерді тек жоғары оқу орнында оқып қана қоймай, тәжірибелі өнер майталмандарымен жиі жүздесіп тұруы маңызды деп есептеймін, – дейді Жанна Қуанышева.

Жылы жүздесу форматында өткен шығармашылық кездесу студенттерге қазақ киносының тарихын тереңірек тануға, өнер майталманының өмірлік тәжірибесінен тағылым алуға және ұлттық өнердің рухани маңызын сезінуге мүмкіндік бергені анық.

Нұржамал ӘЛІШ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 498,77 теңге | $ USD/KZT 455,00 теңге | ₽ RUB/KZT 5,56 теңге | ¥ CNY/KZT 68,12 теңге